

#КүшімізБірлікте

Егемен елімізде әйелдер қауымы үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашылды. Отбасы институтын, көп балалы аналарды, кәсіпкер әйелдерді қолдау және гендерлік теңдікті қамтамасыз ету – мемлекеттік саясаттың аса маңызды басымдығы.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ӘКІМ



АНАҒА ҚҰРМЕТ – МЕРЕЙЛІ МІНДЕТ

Шаһар басшысы көпбалалы аналармен кездесті

3

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



ҰЛЫ ДАЛА ЖАУҒАРЛАРЫ

Зергерлік өнер қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін көрсететін ұлттық кодымыз

6

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 4 наурыздағы мәлімет бойынша АЛМАТЫДА

I компонентпен

1 089 748

II компонентпен

1 060 517

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 4 наурыздағы мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА

I компонентпен – **9 398 413** адам,

II компонентпен **9 017 340** адам

вакцина салдырды.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

5.03.2022

Түнде:



+2+4 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+13+15 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: **0-5 м/с**

6.03.2022

Түнде:



+5+7 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: **0-5 м/с**

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №25 (6160) 5 наурыз, сенбі, 2022 жыл.

МӘСЛИХАТ

АДАМИ КАПИТАЛ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Алматы қалалық мәслихатының депутаттары 2022 жылға арналған қала бюджетін нақтылау жобасын қолдады



Алматылықтардың әлеуметтік әл-ауқаты – мегаполис бюджетінің маңызды бағдары

Қала мәслихатының XVI сессиясы аясында Мемлекет басшысының Алматыны қалпына келтіру және одан әрі дамыту жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында ағымдағы жылға арналған жергілікті бюджетті нақтылау бойынша талқылау өтті. Бюджет түзетулері қала тіршілігінің кең спектрін қамти отырып, әртүрлі салаларға қатысты болды, бірақ бір нәрсе өзгеріссіз қалады – оның әлеуметтік бағдарлануы. Нақтылау өткен жылдан 48,9 млрд. теңге сомасындағы қолда бар бос қаражат қалдықтары есебінен жүргізілуде.

2

КӨГАЛДАНДЫРУ

ЖАСЫЛ АЛМАТЫ

Шаһарда биыл 350 мың ағаш отырғызылады



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Біздің мегаполисімізді білетіндер алдымен оның тал-терегін тілге тиек етіп жатады. Онысы дұрыс та. Қаланың қай көшесіне көз салсаңыз да, жайқалып тұрған жасыл желекке көзіңіз түседі. Алматы – сонысымен де Алматы. Қаланы көгалдандыру мәселесі қалалық мәслихатта кеше де арнайы сөз болды.

ҚЫСҚА...

- Алматының инфекциялық стационарларында коронавируспен ауыратындар саны бірнеше есе азайды.
- Шаһарда бастауыш сынып оқушыларына тегін тамақ беріледі.
- Мегаполисте көпбалалы аналар арасында «АСЫЛ АНА – 2022» байқауы өтті.
- Димаштың өнеріне тәнті болған шетелдік тыңдармандар қазақ тілін үйреніп жүр.
- Биыл қалада 22 мектеп пайдалануға беріледі.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,
«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
259-88-99 (ішкі 20500, 20018) телефондары бойынша хабарласыңыз!



ПАРТИЯ

ЖАҢА ТӨРАҒА САЙЛАНДЫ

Amanat партиясы Алматы қалалық филиалының кезектен тыс конференциясы өтті

Жиын барысында делегаттар Amanat партиясы филиалының жаңа төрағасы етіп Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевты сайлады, деп хабарлайды Almaty-akshamy.kz

Amanat (бұрынғы Nur Otan) партиясының Атқарушы хатшысы Асхат Оралов Алматы қаласына келген жұмыс сапарында қалалық филиалдың кезектен тыс конференциясына қатысты. Осы жиында делегаттар Amanat партиясы филиалының жаңа төрағалығына Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевты сайлады.

Партияның Атқарушы хатшысы филиалдың жаңа басшылығының алдында партияны модернизациялауды ескере отырып, жұмысты жандандыру және сайлауалды міндеттемелердің сапалы орындалуын бақылау міндеттері тұрғанын атап өтті.

– Өздеріңіз білетіндей, Мемлекет басшысы, Amanat партиясының Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев

халықпен кері байланыс жасауда транспаренттілікті арттырып, қоғамның барлық өкілдерімен жұмысты күшейту бойынша міндеттер қойды. Партияның барлық сайлауалды уәделерін – азаматтардың талап-тілектерін, «аманаттарын» орындау негізгі басымдық болып қала береді. Бұл ретте біз мемлекеттік органдардан цифрлар талап ететін тәжірибеден алшақтауымыз керек. Азаматтардың пікірлерін ескере отырып, бағдарламаның тармақтарын нақты іске асыруға ықпал ететін проактивті форматқа ауысуымыз қажет, – деп атап өтті Асхат Оралов.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



МӘСЛИХАТ

АДАМИ КАПИТАЛ – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Алматы қалалық мәслихатының депутаттары 2022 жылға арналған қала бюджетін нақтылау жобасын қолдады



Динара
МҰРАТ

(Басы 1-бетте)

Алқалы жиын барысында қала әкімі Ерболат Досаев бұл қаржы ең алдымен әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар мен жобаларды қаржыландыруға бағытталатынын атап өтті.

БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ

Кездесу барысында қаралған алғашқы мәселелердің бірі – шағын және орта бизнес мәселесі. Кәсіпкерлік – бұл шаһарымыздың экономикасының іргетасы, қаланың әрбір үшінші тұрғынын жұмыспен қамтамасыз етіп отырған Алматының негізгі жұмыс берушісі. Қаңтар айындағы оқиғалар Алматы бизнесінің көптеген өкілдері үшін ауыр соққы болғаны сөзсіз, бірақ қала басшылығының дер уақытында көрсеткен қолдау шаралары кәсіпкерлерге даму қарқынын реттеуге мүмкіндік берді.

Қазір осыған байланысты әкімдік шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қалпына келтіру мен келтірілген залалды өтеуге басымдылық беріп отыр. Жалпы, қаңтар оқиғалары салдарынан түскен шығын көлемі 34 миллиард теңгені құрайды. Өзірге тіркелген 1201 өтінімнің ішінен 1009 бизнес субъектісіне 3,774 млрд. теңге көлемінде залал өтелді.

– Залалдың барлық түрлері (жылжымайтын және жылжымалы мүлік, жабдық) бойынша 10 млн. теңгеге дейінгі төлемдерді жесделдету және оңайлату үшін ел Үкіметі әкімдіктің бастамасы бойынша мүлкікті зиянды өтеу қазідаларына өзгерістер енгізді. Өтінімдерді қарау мерзімі бір айдан екі аптаға дейін қысқартылды. Әкімдіктің бағалауы бойынша, осы өзгерістерді ескере отырып, төлемдерді қамту ағымдағы жылдың 10 наурызына қарай 90%-ға жетеді деп күтілуде. ШОБ дамуын ынталандыру және жаңа жұмыс орындарын құру мақсатында бизнесті қолдау бойынша қосымша шаралар пакеті дайындалды, – деп атап өтті қала басшысы.

Мәселен, «Даму» қорымен бірлесіп іске асырылатын «Almaty Business» өңірлік бағдарламасына жергілікті бюджет қаражатынан тепе-теңдік негізде «1-ден 1-ге» қосымша 750 млн. теңге бөлу ұсынылады. Оның жалпы сомасы 10 млрд. теңгеге жетеді. Бөлінген қаржы есебінен, бірінші кезекте, іскерлік белсенділігі төмен аудандардың аумағында кемінде 50 жаңа жоба іске асырылады деп күтілуде. Бұлар – Алатау, Наурызбай, Жетісу және Түркісіб аудандары. Бұл аудандарда мөлшерлемесі 5%, ал қалған аудандарда – 7%-ды құрайды.

Адами капиталды дамыту әкімдіктің тұрақты назарында. Алматы бюджетінің маңызды бір нысаны – халықтың әлеуметтік жағдайы мен тұрмыс-тіршілігі.

Мысалы, 2022 жылғы білім беруге 275,2 млрд. теңге (жергілікті бюджет – 196,2 млрд., республикалық бюджет – 79 млрд.) бағытта-



лады. Кешегі өткен мәслихат отырысынан кейін осы мақсатта тағы қосымша 9,4 млрд. теңге бөлінеді.

– Біздің балаларымыздың үйлесімді дамуының маңызды факторы – дұрыс тамақтану. 2019 жылдан бастап қала әкімдігімен халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балалардың 1–11-сынып оқушылары үшін тегін тамақтану қамтамасыз етілді. Енді Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, сондай-ақ көпбалалы аналар мен сарапшылардың жан-жақты талқылауы мен тілектерін ескере отырып, біз мемлекеттік мектептердің бастауыш 1–4-сыныптарының барлық оқушыларын – 125 мың баланы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөнінде шешім қабылдадық, – деп баяндады Ерболат Досаев.

1 қыркүйектен бастап осы тапсырма аясында жергілікті бюджеттен ағымдағы жылдың соңына дейін (4 ай) қосымша 5,3 млрд. теңге бөлінетін болады.

Сонымен қатар, балалардың спорт секцияларына қолжетімділігі үшін спорт үйірмелерін қаржыландыру 1,5 млрд. теңгеден 3,2 млрд. теңгеге дейін едәуір ұлғаяды.

– Бұрын, 2022 жылға 5,7 млрд. теңге сомасына ваучерлер беру арқылы спорттық және шығармашылық үйірмелерді қаржыландыру қарастырылған болатын. Бүгін Мемлекет басшысы жариялаған Балалар жылы аясында біз балалардың спорт секцияларына қолжетімділігін кеңейту үшін қосымша 1,5 млрд. теңге бөледі ұсынамыз. Бөлінген қаражаттың жалпы көлемі 7,2 млрд. теңгені құрайды, – деді әкім.

Оқушы орындарының тапшылығын төмендету мақсатында 46 орта білім беру объектісінің құрылысы жалғасатын болады, оның 22-сі ағымдағы жылы (14 245 оқушы орнына) пайдалануға беріледі. Бостандық, Әуезов, Алмалы, Жетісу аудандарындағы

мектептерге жапсарлас 5 ғимараттың құрылысын аяқтауға қосымша 1,8 млрд. теңге бөлу ұсынылады.

– 2022 жылы «Жас қанат», «Алатау» және «Айнабұлақ-2» ықшамаудандарында үш дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысын аяқтау көзделіп отыр. Түркісіб пен Наурызбай аудандарында балаларымыздың дене шынықтырумен және спортпен көбірек қамту үшін мен жаңа ДСК-ларды жобалауды бастауды тапсырдым, оған бүгінгі шешімнің нәтижесінде 118,4 млн. теңге бағытталатын болады, – деп толықтырды қала басшысы.

Түркісіб ауданының балаларын дене шынықтырумен және спортпен көбірек қамту үшін жаңа ДСК жобалау мен «Авиатор» стадионын қайта жаңарту жұмыстары басталып кетті.

Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау мақсатында жұмыспен қамту бағдарламасын қаржыландыру жалғасуда. Мүгедектер үшін әлеуметтік жұмыс орындарына қаржы қарастыру жоспарлануда.

Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған 7 орталықтың үздіксіз жұмыс істеуі үшін 128,5 млн. теңге сомасына медициналық және тұрмыстық жабдықтар сатып алу жоспарлануда.

ТҰРҒЫН ҮЙ МӘСЕЛЕСІ

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында тұрғын үй заңы арқылы бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін тұрғын үй сертификаттарын беру бойынша қаржыландыру 1 млн. теңгеден 1,5 млн. теңгеге дейін ұлғайтылды, оған 500 млн. теңге қарастырылуда. Осы сертификаттарды алушылардың тізбесіне 1 және 2-топтағы мүгедектер, мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылар, жетім балалар және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балалар кіреді.

24 мың тұрғынды сумен қамтамасыз ету мақсатында Кеңсай саяжай алабында сумен жабдықтау желілерін жобалау және салу, су резервуарлары мен су құбыры желілерінің, сондай-ақ «Думан» шағынауданында жалпы сомасы 320 млн. теңге болатын сорғы станциясының құрылысын аяқтау жоспарлануда. ТКШ-ның 19 объектісін дамытуға (КІПТУ құрылысы, сыртқы желілер, инженерлік инфрақұрылым және т.б.) 6,1 млрд. теңге көзделді. Төрт нысан бойынша жылумен қамтамасыз ету үшін 1 млрд. теңге, алты нысан бойынша сумен жабдықтау және су бұру – 177 млн. теңге көзделді. Қала тұрғындарын үздіксіз және сапалы электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін 6 нысан бойынша 2 млрд. теңгеге қаражат қарастырылған.

Алматы қаласының тұрғын үй қорын жаңғырту үшін жалпы сомасы 1 млрд. теңгеге 39 көппәтерлі тұрғын үйге күрделі жөндеу жүргізу жоспарлануда.

– Менің шешімім бойынша, бұрын әл-Фараби даңғылын (ШААЖ-нан Саин көшесіне дейін) орташа жөндеуге жоспарланған қаражат «Тастыбұлақ» шағынауданының ұзындығы 8,6 шақырым, 14 аумақ шағынауданының ұзындығы 15,6 шақырым және «Шаңырақ-1» шағынауданындағы Өтемісов көшесінің ұзындығы 3,9 шақырым болатын жолдарын жөндеуге және салуға бағытталатын болады, – деді қала әкімі.

ЖАҢҒА ЖАЙЛЫ ОРТА

Қала аумағын көгалдандыруға да көңіл бөлінеді. Қазіргі уақытта Алматыда 2,6 млн. ағаш бар. Бұл ретте саябақтар, скверлер мен жаяу жүргіншілер аймақтары жетіспейді. Мегалополистің әрбір бесінші ағашы әлсіз халде.

– Мемлекет басшысының бастамасымен 2020 жылдан бастап Алматыда бір миллион ағаш отырғызу бағдарламасы жүзеге асырылуда, оның аясында биыл қала бойынша 350 мыңға жуық көшет отырғызу жоспарлануда, – деді шаһар басшысы.

Алматының жасыл қорын жақсарту үшін әкімдік алдағы екі жылда қосымша миллион ағаш отырғызуды жоспарлап отыр.

– Осыған байланысты бүгінгі отырыс аясында Алматының «Жасыл қала» мәртебесін сақтау және арттыру үшін Алатау ауданында тамшылатып суаруды дамытуға 332,3 млн. теңге қарастыруды ұсынамыз, – деп толықтырды қала басшысы.

Сонымен қатар, біздің елде екі жылдан астам уақыт бойы жүзеге асып келе жатқан «Бюджетке қатысу» бағдарламасы жалғасын таппақ. Алатау, Наурызбай және Жетісу аудандары бойынша қосымша 1,3 млрд. теңге бағытталатын болады. Аталған қаражат Спорт және балалар алаңдарын абаттандыруға, жасыл аймақтар құруға жұмсалады деп жоспарлануда. «Бюджетке қатысуды» қаржыландыру 8,7 млрд. теңгеге дейін жеткізілетін болады.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында қаланың құқық қорғау органдары мен Азаматтық қорғанысының материалдық-техникалық базасы қалпына келтіріліп қана қоймай, нығайтылатын болады. Қосымша әлеуметтік нысандар мен адамдар көп жиналатын орындарда 3050 сыртқы бақылау камерасын қосу жоспарлануда.

Аталған отырыс нәтижесінде жергілікті атқарушы органдар жұмысының тиімділігін арттыру үшін мәслихат Алматы қаласын басқарудың жаңа құрылымының жобасын, сондай-ақ қаланың ағымдағы қызметіне қатысты басқа да мәселелерді бекітті.



Қазақстан әйелдерінің ақыл-парасаты, ерік-жігері мен жасампаздығы барлық қиындықты еңсеріп, сын-қатерлерге төтеп беруімізге септігін тигізуде.
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

АНАҒА ҚҰРМЕТ – МЕРЕЙЛІ МІНДЕТ

Шаһар басшысы көпбалалы аналармен кездесті



Рая
ЕСКЕНДІР

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев көпбалалы аналарға атаулы әлеуметтік көмек тағайындау, оны әлеуметтік мәртебесіне қарай бірыңғай жәрдемақыға ауыстыру мәселесіне жеке тоқталды.

Осы ретте қала әкімі көпбалалы аналардың ұсыныстарын қарауға және одан әрі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесе талқылауға уәде берді.

Кездесуде мектепке дейінгі сапалы және орта білім алу, медициналық қызметтерге, жеңілдетілген ипотекалық несиелендіруге қолжеткізу, көпбалалы отбасылармен және ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін ҰЕҰ арасында мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастырудың тиімділігі және басқа да мәселелер сөз болды.

Жиын барысында қозғалған өзекті тақырыптардың бірі – мектеп оқушыларын, балаларды әлеуметтік мәртебесіне қарамастан ыстық тамақпен қамтамасыз етіп, оның сапасын арттыру болды. Осы ұсынысқа жауап ретінде Ерболат Досаев Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес биылғы Балалар жылы аясында әкімшілік қажетті жұмыс жүргізіп, 2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Алматы мемлекеттік мектептерінің барлық



бастауыш сынып оқушылары (1–4-сыныптар) әлеуметтік мәртебесіне қарамастан тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетінін жеткізді.

– Балалардың сапалы тамақтануын ұйымдастыру үшін қалалық Білім басқармасы теңгерімді және әртүрлі рационды құру мәселесін пысықтады, – деді Ерболат Досаев.

Қаржыландыру мәселесі жергілікті бюджетті нақтылау шеңберінде 4 наурызда мәслихатта қаралды. Оқушы орнының жетіспеуші-

лігі және балабақшаларға кезек тақырыбы ерекше пікірталас тудырды. Бүгінде мектептерде 19 611 орын және балабақшаларда 41 080 орын жетіспейді. Бала туудың жоғары болуына және халықтың мегаполиске белсенді көшуіне байланысты жыл сайынғы өсім тиісінше 15 мың және 8 мың баланы құрайды.

– Алматыда мектептер мен балабақшаларды салуға бос жерлер мүлдем жетіспейді, ал құрылыс қарқыны тек жыл сайынғы

өсімді жабуға мүмкіндік береді, – деді қала басшысы.

Сонымен қатар, Алматы қаласының әкімі биылғы жылы мектептерде 15 461 орынға, балабақшаларда 39 520 орынға дейін орын тапшылығының төмендейтінін ерекше атап өтті. Жақын күндерде әкімшілік барлық жинақталған мәселелерді шешуді жеделдету үшін қосымша шаралар әзірлеп, ұсынатын болады.

Сондай-ақ, ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу,

Балалар жылы аясында әкімшілік қажетті жұмыс жүргізіп, 2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Алматы мемлекеттік мектептерінің барлық бастауыш сынып оқушылары (1–4-сыныптар) әлеуметтік мәртебесіне қарамастан тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі.

мүгедектікті ерте анықтау проблемалары туралы да сөз болды.

«Балабақшалар мен мектептерде балаларды оңалту, емдеу, инклюзивті қолдау – әкімдіктің әлеуметтік блок басқармалары жұмысының негізгі міндеттері. Балаларды инклюзивті дамытудың ағымдағы бағдарламасы қайта қаралатын болады. Сондықтан мен осы жұмысқа қаланың мүдделі қоғамдық қорлары мен ҰЕҰ белсенді қатысуға шақырамын», – деп атап өтті шаһар басшысы.

Кездесу ашық диалог форматында өтті.

Жиынға азаматтық белсенділер, халықтың әлеуметтік осал топтарымен жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдардың (ҰЕҰ) басшылары шақырылды.

ҚАЛА-ҚАРБАЛАС

Алматының Медеу ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен Қасыл Қатықбаева атындағы №168 мектеп-лицей қабырғасында көпбалалы аналар арасында «Асыл ана – 2022» байқауы болып өтті.



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Іс-шарада 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесіне орай нәзік жанды аруларға құрмет-қошемет көрсетілді.

Отбасы құндылықтарын насихаттау және көпбалалы аналардың мәртебесін нығайту, отбасылық тәрбие мен әдет-ғұрыптарды сақтап, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу мақсатында өткізілген сайыста 10 көпбалалы ана ұлттық ас әзірлеу, салт-дәстүрлеріміз бойын-

АСЫЛ ЖАНДАР АРДАҚТАЛДЫ



Суретті түсірген Самат Құсайынов

ша өнерлерін көрсетіп, өзара жарысқа түсті.

Байқау қорытындысы бойынша жүлделі үшінші орынды 5 баланың анасы Нұрпейісова Нұрбақыт Нұрсалдыққызы иеленген болса, көпбалалы ана Құдабаева Алмагүл Ергешқызына екінші орын бұйырды, ал қарсыластарынан оқ бойы озып шыққан Сабирова Сандуғаш Әскербекқызы бас жүлде алып, Медеу ауданының «АСЫЛ АНА-СЫ» атанды.

Шара соңында аудан әкімінің орынбасары Айдос Нұрлыбаев аудан әкімінің атынан аналарды құттықтап, Алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар табыстады.

Бүгінгі таңда Медеу ауданында 2711 көпбалалы ана бар. Соның ішінде, 4 және одан көпбалалы аналардың саны – 2203. «Алтын алқа» және «Күміс алқамен» марапатталғандар саны – 508, «Батыр ана» атағын алғандар – 34, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерінің иегерлері – 48.

Сәкен АРАЛБАЕВ,
Медеу аудандық әлеуметтік сала бөлімінің басшысы:

АРДАҚТЫ МӘРТЕБЕ

Біздің іс-шарамыздың мақсаты – аналарымыздың қоғамдағы мәртебесін арттыру. Бұл ең басты міндет. Сонымен бірге, өздеріңіз байқағандай, аналарымыз бар өнерін ортаға салды. Ұлттық ас мәзірлерін де шеберлікпен жасай білді. Халқымыздың дәстүр-салты, әдет-ғұрыптары бойынша сайысқа түсті. Бұл да болса ұмытылып бара жатқан сұрақтарға жауап берді. «Ана бір қолымен әлемді, екінші қолымен бесікті тербетеді» дейді. Ата-бабаларымыз қандай астармен айтқан десеніңізші. Негізі, аналарды ұлтты тәрбиелеп отырған жандар деп білеміз. Тағы да қоса кетейін. Осы күні естен шығыңқырап қалған құндылықтарымызды жаңғыртқан абзал. Оның ішінде отбасы құндылықтарын кеңінен насихаттауымыз қажет. Көнеден тамыр тартатын жөн-жоралғыларымызды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген жөн. Ауданымызда аталған байқау тұңғыш рет өтті. Алдағы уақытта жалғасын табады деген ойдамыз. Мүмкін дәстүрлі түрде өткізерміз.

Бір дүние анық. Ол – жақсылық. Ал жақсылық қайдан бастау алады, ол – отбасынан. Қай уақытта болсын, үйдің ұйытқысы – аналар. Олар жұмысты да атқарып, баланы да тәрбиелеп, қоғамға да араласып жүр. Бұл дегеніміз – адамның мүмкіндігі көп дегенді танытады. Біздердің түпкі ниетіміз – ата-енеге келін, аяулы жар, ардақты көпбалалы ана бейнесін жасау болды. Мінекей, бұл нағыз қазақтың анасы демекпін. Мейрам құтты болсын! Еліміз өркендей берсін!

Алмас ИСАТАЙ,
мұғалім:

ОТБАСЫНЫҢ ШЫРАЙЫ

Елімізде көпбалалы, ардақты да аяулы аналар көп. Олардың істері көпке үлгі. Жанұяның шырайын кіргізіп, тіпті қызметті де қатар алып жүр. Бұл қазіргідей кезеңде ерлік дер едік. Уақытты тиімді пайдаланып, әр салада жемісті тірлік кешуде. Заманның лебінен қалмай, әдемі қалыптарын сақтап, белсенділік танытуда. Осының баршасына қажыр-қайрат керек. Осындай шаруаларды ұршықша иіріп жүрген аяулы жандар нағыз еңбекқорлар. Сондықтан да болар, «әйел қырық шырақты» дейтіні.

Алматы қаласы Медеу ауданы әкімі аппараты ұйымдастырған байқаудың негізгі мақсаты – отбасы құндылықтарын насихаттау және көпбалалы ана-лардың мәртебесін нығайту. Әйел азаматшаларды кәсіби шыңдап, қоғамдағы ролін арттыру. Сондай-ақ, отбасылық тәрбие мен ғұрыптарды сақтап, оны болашаққа жеткізу болып табылады.

Алда шұғылалы көктемнің алғашқы мерекесі. Барша нәзік жандыларды 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!



ЖҰМЫС КЕҢЕСІ

БАҒА ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Мегаполисте «делдалдық сызбаларды» тексеру жөнінде комиссия құрылмақ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың төрағалығымен мемлекеттік органдар мен азық-түлік сауда нысандарының өкілдері қатысқан жұмыс кеңесі өтті.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Алматы қаласының Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының мәліметінше, қазіргі уақытта аудандық әкімдіктермен бірлесіп сауда желілерінің, базарлар мен үй маңындағы дүкендердің сөрелеріндегі бағаларға күнделікті мониторинг жүргізілуде.

«Соңғы аптада көкөніс өнімдеріне бағаның шамалы ауытқуынан басқа, бағаның күрт өсуі байқалмады. Бұл өнімді сақтау шығындарымен байланысты. Бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу үшін отандық тауар өндірушілермен жұмыс жүргізілуде. Тиімді тетіктердің бірі «жеңілдетілген» заемдар беру бағдарламасы болып табылады. Оның аясында өндірушілер мен сауда желілеріне бағаны ұзақ мерзімге белгілеу үшін пайызсыз «айналымды» қарыздар беріледі. Бүгінде осы бағдарлама аясында жұмыртқа өндіретін ірі «Алсад Қазақстан» ЖШС-мен (нарық үлесінің 30% алады) келісім жасалды. 2024 жылғы 31 қаңтарға дейін өткізу бағалары бойынша 10 дана жұмыртқаның бағасы 400 теңге деңгейінде тіркелді. Келісімнің қолданысқа енуімен жұмыртқа бағасын тұрақтандыру бойынша оң нәтиже байқалды. Яғни 10 дана жұмыртқаның бағасы 487-ден 462 теңгеге дейін төмендеді», – деп мәлім етті басқармада.

Жеңілдетілген заемдар ағымдағы жылдың сәуір айының соңына дейін бағаны тұрақтандыру үшін «Магnum» (әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарының 19 түрлі атауына 5,7 млрд. теңге) және «Тоймарт» (ӨМАТ 12 атауына 430,2 млн. теңге) сауда желілеріне берілді.

Өнімді алдын ала сатып алу есебінен «Магnum» желісіндегі бөлшек сауда бағасы орташа қалалық бағадан 10–15% төмен. Мысалы, «Магnumда» қанттың бір келісі 265 теңге, ал орташа нарықтық баға келісіне 360 теңгеге дейін жетеді. Егін жинау маусымында фермерлерден көкөністерді төмен бағамен сатып алу есебінен маусымаралық кезеңде (2021 жылғы қыркүйектен 2022 жылғы сәуірге дейін) сөредегі баға нарықтық бағадан 30% дейін төмен деңгейде тіркелді.



Отырыс жұмысын қорытындылаған Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев басқа сауда желілерінің өкілдерін жеңілдетілген «айналым» қарыздарын берудің қалалық бағдарламасына белсенді қатысуға шақырды. Сондай-ақ, ірі нарық өкілдерін бағаның негізсіз көтерілуіне жол бермеу туралы ескертті.

Бұдан бөлек, «делдалдық схемаларды» тексеру жөнінде комиссия құру туралы шешім қабылданды.

«Комиссия аясында азық-түлік тауарларын өндірушілер мен жеткізушілерге сараптама жүргізу, қайта сатып алушылар тізбегін анықтау және тыю, әлеуметтік маңызды азық-түліктердің бағаларына мониторингті күшейту, сауда үстемесінің 15%-дан асуы анықталған жағдайда, тиісті шаралар қабылдау қажет», – деді Ерболат Досаев.

Қала басшысының айтуынша, Алматы облысындағы әріптестермен бірлесе отырып, «Алтын орда» ірі базарында «делдалдық сызбаларды» анықтау бойынша Өңіраралық комиссия құрылады. Ол жерден мегаполиске 80%-ға дейін көкөніс, жеміс-жидек пен ет жеткізілетін болады.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру үшін бірқатар жүйелі және жедел шаралар қабылданды.

«Айналым» қарыздары шеңберінде «Магnum» және «Тоймарт» сауда желілеріне, «Алсад» жұмыртқа өндіру зауытына, «Асыл Ет» сиыр етін өндірушілерге жеңілдікті қарыздар берілді, олардың сөре-

лерінде ӨМАТ-тың 19 атауына 36,5 мың тонна көлемінде баға белгілеу жүргізіледі. Қазіргі уақытта «Тоймарт» сауда желісімен қарыз шартын ұзарту пысықталуда.

Бұдан бөлек, маусымаралық кезеңде бағаны тұрақтандыру үшін 2021 жылғы қыркүйектен 2022 жылғы сәуірге дейін «форвардтық» сатып алу шеңберінде «Магnum» сауда желісінде 22 мың тонна көкөніс сату жүргізілуде. «Тоймарт» желісінде ағымдағы жылдың 30 сәуіріне дейін 380 тонна картоп, сондай-ақ 300 тонна пияз белгіленген бағамен сатылады.

Қаланың 7 негізгі базарында («Жасыл базар», «Жаңа Акбұлақ» көтерме сауда кешені, «Сары-Арқа», «Тастақ», «Таусамалы», «Алматы-1», «Түркісіб» жәрмеңкесі) «әлеуметтік дүкендер» жұмыс істейді, онда ӨМАТ-тың 10 атауы (картоп, сәбіз, пияз және қырыққабат, қант, қарақұмық жармасы, күнбағыс майы, күріш, мүйіз, ұн) төмендетілген бағамен сатылады, бұл сатушылар арасында бәсекелестік орта қалыптастырады.

Көкөніс әлеуметтік дүкендерінің үлгісі бойынша 7 базарда («Жұлдыз», «Орбита», «Таусамалы», «Арыстан», «Тастақ», «Барыс-4», «Түркісіб жәрмеңкесі») «ет дүкендері» іске қосылды. Бүгінгі таңда халық тарапынан ет өнімдеріне сұраныстың артуы байқалады, соның есебінен ет дүкендерінде сиыр етін сату күніне 1 тоннадан 4 тоннаға дейін өсті.

Қаланың сауда нүктелеріне төмен бағамен сөрелерге тікелей жеткізу үшін ӨМАТ өндірушілерімен 19 меморандум жасалды.

«Үй жанындағы» дүкендер сөрелерінде өнім тапшылығын болдырмау, сондай-

ақ бағаны тежеу мақсатында бакалей өнімдерін (күріш, күнбағыс майы, 1-сұрыпты ұн, қарақұмық жармасы, қант) өндірушілерден тікелей төмен бағамен жеткізу ұйымдастырылған.

Апта сайын Алматы қаласының 5 ауданында (Алматы, Медеу, Бостандық, Алатау, Әуезов) «демалыс күні» азық-түлік жәрмеңкелері өткізіледі. Оған Алматы облысының жақын аудандарының ауыл шаруашылық тауар өндірушілері, сондай-ақ Алматы қаласының азық-түлік кәсіпорындары қатысады.

«Алматы қаласы бойынша Бәсекелестікті қорғау және дамыту департаментімен» бірлесіп ӨМАТ-қа сауда үстемесінің 15% сақталуын бақылау бойынша жұмыс жолға қойылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Алматы облысының әкімдігімен бірлесіп «Алтын орда» көтерме сауда базарында тәртіп орнату жұмыстары жүргізілуде. Осы нарықта бірқатар делдалдық «схемаларды» алып тастау нәтижесінде көкөніс, ет өнімдері мен жемістер бағасының төмендеуі күтілуде.

«Алтын орда» көтерме сауда базарында жүргізіліп жатқан жұмыстарға ұқсас, Алматы қаласы әкімінің тапсырмасы бойынша «азық-түлік тауарларының баға белгілеу тізбегі бойынша делдалдық схемаларды тексеру жөніндегі өңірлік комиссия» құрылды, ол бағаны негізсіз көтеру фактілері анықталған жағдайда тиісті шаралар қабылдай отырып, сауда объектілерінде баға белгілеуге тексеру жүргізетін болады.

ӨМАТ бағасын тұрақтандыру бойынша жұмыс ерекше бақылауда.

КОМИССИЯ

ӨТЕМАҚЫ
ТӨЛЕНДІ

Қалада тәртіпсіздіктерден зардап шеккен кәсіпкерлерге 3,7 млрд. теңгеден астам өтемақы төленді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

2022 жылғы 2 наурызда шағын және орта бизнес субъектілерінің мүлктік шығынын анықтау жөніндегі Өңірлік комиссия кәсіпкерлердің жалпы сомасы 633,6 млн. теңгені құрайтын 119 өтінішін мақұлдады. Оның ішінде жалпы сомасы 520,3 млн. теңгенің 60 өтініші бюджет қаражаттарының, жалпы сомасы 113,3 млн. теңгенің 59 өтініші «Жаңа Алатау» қайырымдылық қоры қаржысының есебінен төленді.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Комиссия жалпы сомасы 3 774,1 млн. теңгені құрайтын барлығы 1009 өтінішті мақұлдады, оның ішінде жалпы сомасы 2 796,2 млн. теңгенің 519 өтініші бюджет қаражаттарының, жалпы сомасы 977,9 млн. теңгенің 490 өтініші «Жаңа Алатау» қайырымдылық қоры қаржысы есебінен қаржыландырылды.

Зардап шеккен шағын және орта бизнес субъектілерінен өтініштері InfoKazakhstan сайтына келіп түседі. Бүгінде Алматыда зардап шеккен 1413 ШОБ субъектісі анықталды.

АРДАГЕРЛЕР

«АЛМАТЫ – МЕНІҢ ТУҒАН ҚАЛАМ»



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Алматы ауданы әкімдігі жанындағы Ардагерлер кеңесі «Алматы – менің туған қалам» тақырыбында рухани кеш өткізді.

А.Чехов атындағы кітапханада ұйымдастырылған кешке студенттер мен мектеп оқушылары шақырылды. Аға буын жас ұрпаққа бейбіт күннің қадірін білуге, жаңа Қазақстанды бірге құруға шақырды. Үлгі-өнегелерін айтты.

– Мен №136 мектеп-гимназиясында директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары болып 21 жыл еңбек еттім. Бүгінгі таңда да аттан түскенім жоқ, осы білім ордасындағы Міржақып Дулатов мұражайына жетекшілік етіп отырмын. Мен өмірімді балаларсыз елестете алмайтын шығармын. Олардың бойына озық

білімнің, ұлағатты тәрбиенің дәнін себе білсек, еліміздің болашағына алаңдамасақта болады. Біздің елде әдемі де білімді өрендер жасыл құрақтай желкілдеп өсіп келеді. Балалар ару Алматыны сүйетінін кішкентай жүректерімен білдіріп жатыр. Соған қуанамын, – дейді Алматы ауданы әкімдігі жанындағы ардагерлер кеңесінің мүшесі, ардагер-ұстаз Күлпаш Мәлікова.

Кеңес құрамында бүгінгі ұрпақтың ұлағатты болуына атсалысып жүрген Жақсылық Әмірханов, Ғайнигүл Қаратай, Серік Ахмедов, Жанат Жанаалиева, Елена Яковенко және Зәуреш Әнуарбекқызы сынды белсенді қариялар бар. Олар да асқақ Алатау баурайында орналасқан қарман Алматының жаңарып, жасара беруіне тілектерін білдірді. Кешті Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің «Қарлығаш» хор үйірмесінің өнерпаздары әнмен әрлеп, аудандық «Белсенді өмір сүру» орталығының «Асыл әжелері» бимен көркемдеді.



КЕҢЕС

ЖАҢА ҚҰРАМ ЖАСАҚТАЛДЫ

Президент жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңестің жаңа құрамы бекітілді. Бұл туралы Мемлекеттік хатшы Ерлан Қарин өзінің Facebook парақшасында хабарлады.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

«Оның құрамына қоғам белсенділері, жас ғалымдар мен кәсіпкерлер, ауылдардың, өңірлердің және шығармашыл жастардың өкілдері, «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының иегерлері, Президенттік кадр резервінің мүшелері, жастар ұйымдарының көшбасшылары кірді. Бұл жастардың барлығы өз саласының майталмандары саналады. Жастардың өзекті проблемаларын жақсы біледі. Өртүрлі жас буынның арасында зор бедел мен сенімге ие», – деп жазды Ерлан Қарин.

Мемлекеттік хатшының сөзінше, жаңа құрам жастар саясатын жетілдіруге байланысты тұжырымдамалық құжаттар мен ұсыныстарды әзірлеуге атсалысады.

«Жақында Кеңестің мүшелерімен ZOOM арқылы кездесіп, алдағы жоспарларымыз бен жұмыс тәртібін ақылдастық. Кеңес ел дамуының жаңа кезеңінде күн тәртібінде тұрған жастар мәселесін шешудің нақты алаңына айналады деп үміттенемін», – дейді Ерлан Қарин.

ИНДЕТПЕН КҮРЕС

«БЕСІНШІ ТОЛҚЫННЫҢ» БЕТІ ҚАЙТТЫ

Мегполисте ақпан айының соңында коронавирус жұқтырған тұрғындар саны едәуір азайды. Бұл туралы Алматы қаласы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Қасымхан Алпысбайұлы айтты.



Нұржамал ӘЛШЕВА

Спикердің сөзінше, қалада орта есеппен алғанда күніне 68 адам ковид диагнозымен тіркеледі. Мұның алдында бұл көрсеткіш екі есе көп болатын.

«Алматыда коронавирус індетінің «бесінші толқынының» беті қайтып келеді деуге болады. Мұндай көрсеткішке ұжымдық иммунитеттің жоғарылауына байланысты жеттік. Бүгінде шаһарда қалыптасқан ұжымдық иммунитет көрсеткіші 59%-дан асты», – деді қаланың бас санитарлық дәрігері Қасымхан Алпысбайұлы.

Сондай-ақ, спикер тіркелмеген бейрес-

ми ұжымдық иммунитет көрсеткіші 5%-дан асқан болуы мүмкін деп санайды. Себебі, алматылықтардың бір бөлігі – инфекцияның жеңіл немесе симптомсыз түрімен ауырып, диагностика мен медициналық көмекке жүгінбегендер. Сондықтан кейбір жағдайлар ресми статистикаға енген.

Қасымхан Алпысбайұлы тұрғындарға салынып жатқан вакциналардың жоғары тиімділігін көрсетіп жатқанын да атап өтті. Мәселен, ковидке қарсы екпе алғандардың тек 3,5%-ы ғана коронавируспен ауырған. Сондықтан ол әлі күнге вакцина алмаған азаматтарды егілуге, ал жарты жылдан кейін қайта вакциналануға шақырды.

Сонымен қатар, брифинг спикері коронавирустың жасы егде тартқан адамдарға ауырлау соғатынын тілге тиек етті. Бүгінде «омикрон» штамын жұқтырған адамдардың ішінде 60 жастан асқан тұрғындардың үлесі – 29,4%. Ол қарттарды да екпе алуға шақырды. Спикердің сөзіне сүйенсек, 14 жасқа дейінгі балалар арасында да ковид жұқтыру көрсеткіші төмендемей тұр – 17%. Ал кейінгі 7 күнде 1 жасқа дейінгі сәбилер арасында жұқтыру көрсеткіші 2,9%-ға жеткен. Сондықтан 12 жастан асқан өрендерге де вакцина алу маңызды.

ҚҰРЫЛЫМ

БАСҚАРМА АТАУЛАРЫ ӨЗГЕРЕДІ

«Алматы қаласын басқару схемасын бекіту туралы» мәселе бойынша мәслихат сессиясында Алматы әкімі аппаратының басшысы Асат Нұрпейісов әкімдік басқармаларының атауын қайта қарау туралы ұсыныс жасады.



Рая ЕСКЕНДІР

А.Нұрпейісов: «Ұйымдарда еңбек заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету, қауіпсіз еңбек жағдайларына құқықты қоса алғанда, қызметкерлердің құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында әлеуметтік әл-ауқат басқармасын одан еңбек инспекциясы басқармасын бөлу арқы-

лы қайта ұйымдастыру ұсынылады», – деп хабарлады.

Әкім аппараты басшысының айтуынша, креативті индустрия басқармасын жоғарыда аталған қоғамдық даму басқармасының функцияларын бере отырып, жастар саясаты басқармасы деп қайта атау ұсынылады.

Осы орайда креативті индустрияларды дамыту жөніндегі функционал кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасына берілетін болады.

«Жоба энерготиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасын Энергетика және сумен жабдықтау басқармасына, Тұрғын үй саясаты басқармасын – Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасына, Жасыл экономика басқармасын – Экология және қоршаған орта басқармасына, Жайлы қалалық орта басқармасын – Құрылыс басқармасына, Қоғамдық денсаулық басқармасын – Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына қайта атауды көздейді», – деп қорытындылады Асат Нұрпейісов.

ЕКПЕ АЛ

Алматының инфекциялық стационарларында коронавирустан ем қабылдап жатқан науқастар саны бірнеше есе азайды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасының басшысы Нариман Табынбаев айтты.



АҚТОЛҚЫН ТҮРЛЫҒАЗЫ

Мегполистегі ковидтік стационарларда қазір 283 адам емделіп жатыр, оның 10-ы – бала. Нақтырақ айтсақ, қуанышқа қарай, қазір инфекциялық госпитальдардағы төсектердің жартысынан көбі босаған. Интенсивті терапия, реанимация бөлімшелерінде 32 пациент бар, ӨЖЖ аппараттарына 11 науқас қосылған. 6 High flow аппараты жұмыс істеп тұр.

Бүгінде МСАК мобильді бригадалары мен Телемедицина орталығының бақылауында 647 пациент бар. Олардың басым бөлігінде КВИ белгілері бар.

Нариман Табынбаев Алматының «жасыл» аймаққа өткенін айта келе, әлі де әлеуметтік арақашықтықты сақтап, бетперде тағып жүруді ұмытпауға шақырып, екпе алудың маңыздылығына да тоқталды. Бұл қадамдар бізге пандемияны толықтай жеңуге көмектесері сөзсіз.

«Бүгінде ауруханаларда ем қабылдап жатқандардың дені вакцина салдырмағандар.

ВАКЦИНА БӘРІБІР МАҢЫЗДЫ

Коронавирусқа қарсы салынатын екпе – бізді қорғайтын, иммунитетімізді көтеретін жалғыз жол. Сонымен қатар, бустерлік дозаның да қажеттігін ұмытпайық», – деді Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасының басшысы.

Осы орайда айта кетсек, 3 наурыздағы мәлімет бойынша жалпы Алматы бойынша вакцинаның 1-ші компонентімен – 1 145 655 адам, 2-ші компонентпен 1 103 529 адам егілген. Олардың ішінде 124 997-і – 60 жастан асқан кісілер. Ревакцинаны 261 021 алматылық алды. Қалада әлі де екпе егетін 137 пункт жұмыс істеп тұр.

Айтпақшы, Қазақстанда Pfizer вакцинасын егуге болатын санат кеңейтілген. Бұған дейін айтылған 12–18 жас аралығындағы жасөспірімдер, жүкті және бала емізетін әйелдерге қоса, енді барлық топтағы мүгедектігі бар адамдар да Pfizer ектіре алады. Сонымен бірге, барлық топтағы мүгедектігі бар жандар осы препаратпен ревакцина алады. Одан бөлек, 50 жастан асқан қазақстандықтар да Pfizer вакцинасымен ревакцина жасату құқығына ие болды. Бұған дейін Pfizer тек 60 жастан асқан тұрғындарға салынып келген еді. Бұрындары ревакцинация мерзімі 6 ай болса, ендігі уақытта 5 ай аралығында екпені қайталап салуға болады.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – 150

«МЕНІҢ ПІРІМ – СҮЙІНБАЙ»

Дәстүрлі өнердің қара шаңырағына айналған «Алатау» театрында биыл алтыншы рет ұйымдастырылып отырған «Менің пірім – Сүйінбай» атты жас ақындар айтыс өтті. Жыр додасы биыл ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналды.



Динара МҰРАТ

Еліміздің барлық жоғары оқу орындарынан елуге жуық жас жүйріктер қатысатын айтыс Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен «Алатау» театрының ұйымдастыруымен өтті. Суырыпсалма ақындардың додасы екі кезеңде өтті. Бірінші кезеңнен оқ бойы оза шапқан 20 айтыскер іріктеліп, ақтық сынға жіберілді.

Мұндай дүбірлі доданың басында айтыс өнерінің саңлақтары, аға буын тұратыны белгілі. Ақтық мәреде жас ақындардың шабысын бағамдап, әділ бағасын берген қазылар қатарында Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің Халықаралық одағының басқарма төрағасы Жүрсін Ерман, «Алтын домбыра» иегері Бекарыс Шойбеков, «Ала-



тау» дәстүрлі өнер театрының директоры, белгілі айтыскер Ринат Зайытов, айтыстың ақтангері Еркебұлан Қайназаров болды. Ал сөз бәйгесін айтыскер ақын, О.Досбосынов атындағы ақындар мектебінің жетекшісі Шүғайып Сезімханұлы жүргізді.

Республикамыздың түкпір-түкпірінен келген жас ақындар бірінен кейін бірі шығып, сөзден ұтылмауға тырысты.

«Қашанда «Бала соққан тезектің басы жарық» дегендей, студенттердің айтысы болғаннан кейін біз де жоғары талап қоя алмай-

мыз. Бір жақсысы, кеше Аханның өзі ұстаздық еткен қара шаңырақтың даңқын шығарып, соның рухын көтеріп жатыр. Дегенмен, көңілім толмаған тұстарын айта кеткен жөн болар деп ойлаймын. Мына Алматының төрінде Ахмет Байтұрсынұлының музейі бар. «Ахан – ұлттың ұстазы» дейміз ғой, бірақ бүгінгі ақындардың көбісі оның өмір жолынан хабарсыз көрінеді. Өйткені, сөз арасында ұстаздың атын алмастырғандар да болды. Оның ұлттың көсемі болғаны, руханиятымыздың басында болғаны, қазақ

тілінің проблемаларын шешуге атсалысқаны, басқасын айтпағанда, ұлт жанашырының қазақ тіліне қосқан үлесі айтылмады, өкінішке қарай», – деп ойын білдірді Жүрсін Ерман.

Дегенмен, екі күнге созылған жастар айтысында ешбір қатысушы жүлдесіз қалған жоқ. Айтыстың Бас бәйгесін университет ректоры Дархан Нұрланұлы Айбек Жеңісқазинге табыстап, бұл игі бастама бұдан кейінгі жылдарда да жалғасын табатынын айтты. 1-орынды бір емес, екі ақын Айым Асылбекқызы мен Ерасыл Жақсыбек еншілеп, оларға жүлдені айтыстың катепті қара нары Жүрсін Ерман табыстап, өз батасын берді. 3-орын – Бексұлтан Орынбасар, Жанарыс Тілеубек, Еркеғали Бекболатқа бұйырды. Қалған талапты жастар Жамбыл Жабаев, Әзімбек Жанкүлиев атындағы сынды түрлі жүлделерге ие болды.

Ал жыр жәрмеңкесіне қаржылай қолдау көрсеткен өнер жанашыры Дулат Тұрсынұлы алда өтетін республикалық «Асыл домбыра» ақындар айтысына Бексұлтан Орынбасар мен Айым Асылбекқызына жолдама берді.

«Өнерлі елдің өресі биік» демекші, кейінгі жылдары біздің ел рухани жаңғыруға, ұлттық кодтың жандануына ден қойып жүр. Бұл бағытта ұйымдастырылған әрбір шараның берері мол. Әсіресе, нағыз ұлттық өнеріміз – суырыпсалма ақындар айтысының ел арасында кеңінен насихатталуы көңіл көншітеді. Жыл сайын өткізілетін «Менің пірім – Сүйінбай» республикалық жас ақындар айтысының мақсаты да сол – айтыс өнерін жастар арасында кеңінен насихаттау, ақындық дәстүрді жаңғырту, жас ақындардың суырыпсалмалық қабілеттері мен шешендік өнерін шыңдау, олардың көпшілікке танылуына мүмкіндік жасау.



ҚОЛӨНЕР

ҰЛЫ ДАЛА
ЖАУҺАРЛАРЫ

Зергерлік өнер қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін көрсететін ұлттық кодымыз

Алматы музейінде «Сыңғыр шолпы шашбаулым...» атты зергерлік әшекей бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылды. Онда музей қорында жылдар бойы жинақталған зергерлік әшекей бұйымдар таныстырылды.

Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Көрмеге енгеннен мені өңіржиек әшекейі әдемілігімен, ерекшелігімен тартып әкетті. Музей төрінен орын алған бұл әшекейді бұрын, дәстүрлі қазақ қоғамында мереке күндері қыздар мойын-омырауына сәндікке таққан. Өңіржиек төрт бұрышты (немесе дөңес) келген бірнеше күміс тілік-шеден (көбіне үшеу) тұрады. Олардың аралары қатар түскен бірнеше жінішке шынжырмен шығыршық арқылы жалғасқан. Халық арасында қыз-келіншектер киетін қырмызы шапанның алдыңғы екі өңіріне жиектей салынатын өрнекті де кейде өңіржиек деп атайды. Өңіржиек

секілді бұйымдар (алқа, шолпы, т.б.) халықтың эстетикалық талғамын, әсемдікке құштарлығын көрсетеді.

– Қазақтың зергерлік өнерінің тарихы сонау қола дәуірінен бастау алады. Бұрын-ақта зергерлік өнермен шұғылданған адамдардың еңбегі ерекше бағаланып, шеберханаларды, дүкендерді киелі санаған. Бұйымдардың өзі қазақ қыздарының тәрбиесіне әсер етіп, ұқыпты, тиянақты болуына септігін тигізген. Шеберлер де зергерлікпен айналысқан. Олар киімдерге көрік беретін түйме, киімнің сыртынан қапсырмалар жасаған. Тіпті, тұрмысқа шығатын қыздың бас киімі – сәукеле де осы кісілердің қолынан шыққан. Зергерлік



өнер қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін көрсететін ұлттық кодымыз, – дейді Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Тәттігүл Қартаева.

Көрмеге қазақтың қыз-келіншектері таққан зергерлік бұйымдардың түр-түрі қойылған. Білезіктерді, алқаларды, бойтұмарларды да осынан көруге болады. Кейінгі ұрпақ біле бермеуі мүмкін, өңіржиек, шекелік сынды бұйымдарды қалай, қайда тағатынынан хабардар ететін түсіндірме қағаздар ілінген. Қабырғаларға ілінген ұлттық киімдегі қыз-келіншектердің картиналарының да өз тарихы бар екен. Олар – осы музей қызметкерлері. Өздерінде сақтаулы тұрған зергерлік бұйымдарды өздері тағып, фотосессия жасаған екен. Бәрі әдемі, жарасымды!

Асыл тастармен көмкерілген зергерлік

бұйымдардың авторы Естай Дәубаевпен тілдесудің сәті түсті.

– Менің ең алғашқы мамандығым суретшілік болғасын, бұйымдарды бір-біріне ұқсамайтын түрлі түсте болуына айрықша көңіл аударамын. Тапсырыс бере келгендердің мінезін, жүріс-тұрысына қарап отырып, қандай бұйым жасау керектігін бағамдаймын. Кей кездері ауа райына, көңіл күйімізге байланысты да жасаймыз. Қалай десек те, әр туындыны ерекше ықыласпен жасаймыз, – дейді зергер Е.Дәубаев.

Қазақ мәдениетінде өзіндік орны бар зергерлер еңбегі үлкен құрметке лайық. Олардың қолынан шыққан осындай әшекей бұйымдарды тек Наурызда ғана емес, күнделікті өмірде де тағып жүрсек, ұлттық келбетіміз асқақтай түсері анық.

БАҒДАРЛАМА

Сабақ сыныппен
шектелмейді

Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев оқушылардың мәдениетке сүйіспеншілігін ояту мақсатында музейлер мен ұлттық саябақтарға баруға мүмкіндік беретін бағдарлама дайындап жатқанын мәлімдеді.

Әсел
ДАҒЖАН

Ол Мәжілістегі Үкімет сағатында ведомство дайындаған жаңа бағдарлама туралы айтып берді. «Біз де қазір мектеп оқушыларына арналған тұтыну қоржыны бар, біз оны ұлғайтқымыз келеді. Білім және ғылым министрлігімен бірге тиісті ұсыныспен шығамыз», – деді Дәурен Абаев.

Оның айтуынша, әр оқушыға мұражайларға, концерттерге және басқа да іс-шараларға бара алатын арнайы карта берілемескі. «Егер оқушы симфониялық оркестрге барса, мұны музыка сабағы ретінде, ал мұражайларға барса, мұны тарих сабақтарына қатысты деп санауға болады», – деп қосты Дәурен Абаев.

Сөз арасында министр өткен жылы ұлттық парктер бұрын-соңды болмаған туристер ағынын қамтығанын айтты. Туристер саны 2019 жылмен салыстырғанда 300 мыңға артып, 1,5 млн. адамды құраған. Демек, қазір жастар арасында табиғатқа серуенге шығып, демалыс жасау – трендте.

Ең көп баратын ұлттық парктердің ішінде Алматы тау кластері – Іле Алатауы, Көлсай және Шарын көлдері тұр.

ЕЗУАРТАР

КІМ
ӘДЕМІ?

Ата-анасының алдында еркелеп отырған бүлдіршінге әкесі тілін қызықтап:

– Кім әдемі, мен бе, анаң ба? – деп сұрады.

Бала сәл ойланып барып:

– Бұл сұраққа жауап бергім келмейді. Себебі, анашымды ренжітіп алғым жоқ, – деді.

БАРАБАН

– Әке, маған барабан сатып әперіңізші?

– Енді жетпегені сол еді! Онсыз да осы үйдегі күнделікті даңғаза шудан миым атала болып жүр. Басымды ауыртпа, балам!

– Сатып әперіңізші! деймін, әке?! Мен онымен сіз ұйықтап жатқанда ойнаймын ғой.



ЖАРАЙСЫҢ!

– Ана, мен кеше қатты құлап қалдым ғой.
– Жыладың ба?
– Жоқ.
– Жарайсың, құлыным! Неге жыламадың?
– Үйде ешкім болмады ғой.

АРМАН

Қызы:
– Анашым, мен өскенде сіз сияқты болғым келеді!
Әкесі:
– Қой, қызым! Басқа нәрсені армандашы!

ЕКІ «ОЙБАЙ»

Келіншегіне сыйлық іздеп, зергерлік дүкеніне кірген ер адам:
– Анау сақина қанша тұрады? – деп сұрады сатушыдан.
– Жүз мың!
– Ойбай! Ал анау ше?
– Ол екі «ойбай» тұрады.

Нұр ЖАМАЛ.

КӨРМЕ

Өмір – бояу тілімен

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматы қаласы Мәдениет басқармасының «Алматы әуендері» КМҚК жанындағы Almaty Gallery галереясы 3–15 наурыз аралығында «Акварель өмір секілді» көрмесін ұсынады.

Almaty Gallery көрме залында қойылған Елена Иоктон мен Мария Сороковскаяның жұмыстары ең күрделі кескіндеме – акварель техникасында орындалған. Акварель суретшіден дәлдікті, айқындықты талап етеді. Көрмеге келушілер назарына Елена Иоктонның 42 акварелі және

Мария Сороковскаяның 34 жұмысы ұсынылған.

Елена Иоктон мен Мария Сороковская пейзаж, портрет, натюрморт және шартты дерлік дерексіз композиция сияқты көптеген жанрларда жұмыс істейді. 2 автор да жанды портреттерге ерекше назар аударады. Адам бейнесі – өнердің ең маңызды тақырыбы. Елена Иоктон мен Мария Сороковская көрмедегі акварельдерінде адамның жан-дүниесіне деген қызығушылықты жандандырады.

Иоктон Елена және Мария Сороковская – ҚР Суретшілер одағының мүшесі, көптеген акварельді халықаралық және республикалық көрмелерге қатысқан. 2018 жылдан бастап Иоктон Елена Урбино мен Фабриана (Италия) өткен акварельдер



фестивалінде Қазақстанның көшбасшы-үйлестірушісі болды. Мария Сороковская 2nd Universal Watercolour Exposition (2020 ж.) ІМВА қатысушысы, жұмысы әлемдегі ең жақсы 100 акварель тізіміне енді.



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

МҰРАЖАЙ СЫРЫ – СҰЛУЛЫҚТА

Адамзат сұлулықты сүйеді, оны көре білу – өнер

Алматы – мәдениет пен өнердің ордасы. Халқымыздың көрнекті тұлғалары ғұмыр кешкен шаһар. Ол жағы баршаға мәлім.

Көптен бері қолөнер бұйымдарын, тарихи жауһарды көргім келіп жүрген еді. Өткенде жолым түсті. Сөйтіп, Ә.Қастеев мемлекеттік музейіне бас сұқтым. Бір жағы іс-шараға қатыстым. Өнер қайраткерлерімен әңгімелестім. Көрмелерді араладым. ТҮРКСОЙ ұйымының жиынына қатыстым. Түбі бір түркі елдерінің ортақ шежіресіне тағы да қаныға түстім. Мұражайды аралап, экскурсовод қызметкерлерінен жәдігерлер атауын, мағынасын, тарихын білдім. Мұнда келушілер қатары біраз екен. Рухани тамырға тамсанған жастарды көрдім. Бәлкім, суретшілер шығар.



Мәдениеттер алмасуы

Алаш ардақтысы Мұхтар Әуезов «ғылым мен мәдениет барлық дүниенің алтын алқасы болып отыр» депті. Дөп айтылған ой.

Еуропада ежелден тарихи скульптура-лар, картиналар үйрмесі қалыптасқан. Римдіктер мен гректердің арнайы уақыт бөліп қарайтын орны болған. Патшалардың, батырдың, ер мен әйелдің бейнесімен мүсін жасау қалыптасқан. Өнерге аса ден қойған. Өнерді өмір деп ұққан. Осы уақытқа дейін әр халықтың шығу тарихына байланысты көрмелер өтіп жүр. Оның



сыртында мәдениет онкүндігі, бір мемлекеттің екінші бір елдегі жылдары ұйымдастырылады.

Бұрынғы дәуірдегі шеберлердің жасағандары бүгінге шейін сақталған. Оны біздер мұражай үйлерінен байқап жүрміз. Мұны өткенге құрмет белгісіне балай аламыз.

Жәдігер

Ақын Олжас Сүлейменов «Гүлденген мәдениет дегеніміз – сан ғасырлар бойы өзге мәдениеттермен үздіксіз байланыс жасаудың жемісі» деді. Бұл ойдың түбірі тереңде жатыр.

Расында, сан ғасырлық құнды дүниелерімізді жинастырып келеміз. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында біршама істер атқарылды. Сонау Мысыр, Иран, Түркия, берісі Өзбекстан, Ресей, Моңғолия, Қытайдан қазақ халқына қатысты бұйымдар, қолжазбалар, ғылыми еңбек-

тер, т.б. жеткізілді. Әлі де зерделену үстінде.

Қорыта айтқанда, дүниеде халықтарды жақындастыратын бір тылсым бар. Ол – мәдениет. Соны күллі адам баласына таныстыратын орда – мұражай.



ТРИПТИХТАР ӘЛЕМІ

«Өткел» – ТЫЛСЫМ ҚҰБЫЛЫС



Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінде сурет көрмесі өтті. Экспозицияда мазмұны жағынан мағыналас жаңа 7 триптих бар. Көрме Игілік Құлбаевты еске алуға арналған.

Алмас Нұрғожаев бұл жолғы жеке көрмесін «Өткел» деп атауды жөн санаған. Алғашқы қадамы 2019 жылы өткен «Дебютпен» басталып еді. «Дебют» көрмесі суретшінің дарыны мен табандылығын, өзіндік ерекше қолтаңбасын көрсетті. Ол талантты суретші, педагог Жұмақын Қайрабаевтан дәріс алған. Шәкіртінің бойына сенім мен күш ұялатқан ұстазының көп жылдық еңбегі ақталды. Алмас өзіне ғана тән стиль қалыптастырды. Бүгінде оның шығармашылық

болмысынан үлкен картиналардың монументалды үлгісі, еркін суреткерліктің толғанысы, әдейі деформацияланған масштабтары бар фигуралардың күтпеген динамикалық бұрыштары, үнем, түстердің қайталанбас бояуын көруге болады. Осы сапаның барлығы алғашқы көрмесінде-ақ байқалды. Суретшінің кейінгі екі жылдағы күтпеген даму қарқыны көрменің мазмұнын-мәнін арттыра түскен. Кескіндемелердің үлкен форматы композицияны дамытып, күрде-

лендіруге, ойдың қозғалысын көрсетуге мүмкіндік беретін триптихтермен алмасқан.

Суреттер өткір, сергек әрі мәнерлі болып көрінеді. Көрмеге бірыңғай көркемсурет жобасы ретінде қарайтын болсақ, барлық жұмыстың байланысы мен мазмұны үйлесім тапқанын көреміз. Қиял әлеміне енетін бес триптихтің қос қапталында ерекше туындылар орналасқан. Ішкі бос текше тәрізді лабиринттер панелді тұрғын үйлерді немесе Малевичтің қиялдарын еске түсіреді. Сол жақтағы бірінші триптих – бұл бір күннің аяқталып, қара-ақ-сұр түсті бұлыңғыр басқа әлемге енуіді көрсетеді. Одан кейін екі жыл бойы пандемия жағдайында өмір сүрген автордың өзінің және ортасының басынан кешкен үрей мен драмаға толы сезімдері күшейіп, кейде әлсірегені бейнеленген. Ал оң жақтағы триптихтерде әлем қайтадан өз қалпына келіп, «ғажайып әрі қаһарлы әлем» қызыл-сары-ақ түске енеді.

Туындыгер қиындыққа қарамас-тан, түпсанадағы көріністерді бейнелеу, «қас-қағым сәттерді тоқтату» сияқты шеберлікті өзіне міндет етіп қойған сияқты. Мұндағы болып жатқан оқиғадан гөрі адамның қайғысы, өмірдің жұмбағы, айналадағы құбыластардың беймәлім болуы туралы рухани мәнге не мазмұн байқалады. Адамның ішкі күйінің тұрақсыздығы мен құбылмалылығы туындының «Өткел» деген атауға сұранып тұрғанын көрсетеді. Бұл – үміттенуге құқық беретін белгісіздік шекарасы. Суретші шеберлігіндегі алып-ұшқан күштарлыққа, сезімнің күшіне, бейнелеу қарқынына, еркіндікке қарап, өз ісіне берілген мұндай мықты тұлға біздің өнер кеңістігінде көптен бері болмаған десек, артық емес. Аталған көрме бір айға созылады.

ТЕАТР

Сезім аралы

Қазақтың көрнекті тұлғасы Шәкен Айманов «театр – адамның өзін-өзі сахнадан көріп, өзін-өзі түсінетін орын» депті. Шындығында да солай.



Жуырда М.Әуезов театрына әріптестерімізбен бардық. Алматыға келгелі бірге бару ойда жүретін. Ауыл баласы үшін, таңсық көрінді. Белді буып бардым. Көңілде әртүрлі сезім. Іштей қуаныш басым.

Сонымен көрнекті қаламгер Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тер, Ақбала» спектакліне көрдік. Әсіресе, Ақбала мен Тәңірбергенді өте шеберлікпен сомдады. Көз алдымызда оқиғаны құбылтып, барын, жанын салып жатқан жас актерлерге риза болдық. Біздіңше, залдағы жастарға ғашықтық, махаббат сезімдері ерекше берілгендей. Шіркін-ай, бас кейіпкерлердің табысып, бақытты ғұмыр кешсе ғой, дейтін көңіл кеудені баурайды. Ең соңында бәрі иіліп қоштасты. Халықтың қошеметі, ықыласы айрықша болды. Кейбірі Ақбала рөліндегі актрисаға гүл ұсынып жатты. Осыдан кейін мынадай ойлар көңілге орнады. Театр:

- Өзіңді танитын мекен;
- Адамзат бейнесінің айнасы;
- Тынығу алаңы.

P.S. Халқымыздың ірі тұлғасы Ғабит Мүсірепов «театр – хас сұлулық көз жасындай мөлдір өнер» депті. Жоғарыдағы ойларды түйіндегенде, осыған саяды. Ішкі жан-дүниенің жанғыртқыңыз келсе, театрға бас сұғыңыз. Қауырт тіршілікті бір уақыт қоя тұрыңыз. Өмір жақсылықтардан тұрады. Осы пайымды ұмытпайық.

Бетті дайындаған
Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



КӨРКЕМ ГИМНАСТИКА



БІЗДІҢ ФИНАЛИСТЕР

Катардың Доха қаласында көркем гимнастикадан әлем кубогы өтіп жатыр.


Қазақстан атынан әйелдер арасындағы гимнастикалық орындықта тепе-теңдік жаттығулары және еркін жаттығулар түрінен Аида Бауыржанова шешуші кезеңге шықты. Сонымен қатар, осы спорт түрінен Көркем Ербо-

сынқызы да ел намысын финалда қорғайды. Брусьямен жаттығудан ерлер арасында жарыстың екінші кезең нәтижесі бойынша Милад Карими бесінші, ал Фарух Набиев тоғызыншы орынға жайғасты.

СЕМСЕРЛЕСУ

СЕМСЕРІМЕН ТОПЖАРҒАНДАР

Өзбекстан астанасы Ташкент қаласында қарудың үш түрінен жасөспірімдер мен кадеттер арасындағы Азия чемпионаты аяқталды.



Қазақстандық спортшылар құрлық біріншілігінде 13 медаль жеңіп алды. Турнирге 20 елден 300-ден астам спортшы қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша қазақстандық спортшылар команда қоржынына үш алтын, үш күміс және жеті

қола медаль әкелді. Жеке есепте Богдан Лукин кадеттер арасында шпагамен семсерлесуден құрлық біріншілігінің алтын медалін жеңіп алды. Дәл осы спорт түрінен жасөспірімдер арасындағы жарыста Александр Федотов «күміс» алды.

ФУТБОЛ

«ТОБЫЛ» – СУПЕРКУБОК ИЕГЕРІ

«Астана Арена» стадионында чемпионат жеңімпазы қостанайлық «Тобыл» мен алматылық «Қайрат» (Республика кубогының иегері) Қазақстан Суперкубогы үшін кездесті.



Бірінші тайм «Тобыл» ойыншыларының басымдылығымен басталды. Ел чемпиондары ойын басталысымен допты өз иеліктеріне алып, бірнеше өткір шабуыл жасады. Қостанайлық ойыншылардың қызу талпынысы 29-минутта «Қайрат» ойыншылары өз алаңында ереже бұзып, өз қақпаларына айып добын алып келуіне мәжбүрледі. Серікжан Мужиков пенальтиді орындап, командасын алға шығарды. Бірақ 10 минуттан кейін Алматы командасының сапында португалдық легионер Жоао Паулоның айып алаңының сыртынан шірене тепкен соққысы қақпаға дәп тиіп, тепе-теңдікті қалпына келтірді. Бірінші тайм тең аяқталды. Есеп – 1:1.

Суперкубоктың екінші жартысы VAR жүйесін Қазақстан футболында 2022

жылы алғаш рет қолдануымен есте қалды. Ойын төрешісі Данияр Сахи күмәнді жағдайда осы жүйенің көмегімен «Тобылдың» қақпасына 11 метрлік айып добын белгіледі. Бірақ допты қақпадан жоғары бағыттаған Рикардо Алвес алматылықтарды алға шығару мүмкіндігін мүлті жіберді.

«Сен соқпасаң, саған соғады» дейтін жазылмаған футбол заңы орындалып, көп ұзамай қуантты. «Тобыл» алға шықты. Жеңіс голын клубтың жаңадан келген ойыншысы Айбар Жақсылықов соқты. Ол Игорь Сергеевті ауыстырып, ойынға 81-минутта ғана қосылған болатын. Осыдан кейін ойын есебі өзгерген жоқ. 2:1 есебімен «Тобыл» екінші жыл қатарынан «Суперкубок жеңімпазы» атанып отыр.

АҢЫЗ АДАМ



Әр адамның өмірлік құлшыныстары болады. Бойындағы асыл қасиеттер әрбір жанды алға жетелейді. Арман шамын жағады. Сөйтіп, діндеген мақсатына қол жеткізеді.

РОНАЛДИНЬО

Барша жетістікке жеткендер, өмірдің соқпағынан сүрінбей өткендер боп саналады. Десе де, тағдыр адамды әрі де, бері де тезге түсірері анық. Әйгілі тұлғалардың қай-қайсысы болсын, ащы-тұщыны қатар татқан. Соның нәтижесінде өздерін қалыптастырды. Мықты екендерін дәлелдеді. Бұл арман жетелеген жанның ғұмыр жолы десек, артық айтпағандық болар.

Біздің бүгінгі кейіпкеріміз дүние жүзіне мәшһүр футбол жұлдызы Роналдиньо жайлы болмақ. Оның алға қойған мақсаты айқын еді. Өз-өзіне сенімі нық болатын. Осындай жігер-қайратының арқасында жаһанды таңқалдырды. Оған сырттан келіп ешкім жәрдемдеспеді. Тек құлшыныс. Оны биікке ұмтылдырған – осындай қасиеттер.

Ғұмырлық саты

Роналдиньо Бразилияның Порту-Алегри қаласында, Риу-Гранди-ду-Сул штатында отбасындағы үшінші бала болып дүние есігін ашады. Анасы Дон Мигуэлина саудагер және де медбикелікке де қабілеті болған. Әкесі Жуан да Силва Морейра «Гремио» футбол клубының тұрағында қарауыл болып қызмет атқарған. Әкесі жергілікті жанкүйерлерден құрылған «Крузейро» командасының сапында ойнады. Яғни Роналдиньоның футболға деген қызығушылығын оятқан және де алғашқы ұстазы есебінде көше футболына апарып, бағыт-бағдар беріп жүрген әкесі болған. Қара бала футболдың айналасындағылардың бәрін таңқалдырады.

Үлкен футболға аяқ баспас бұрын, шағын футболдың добын теуіп жүрген Роналдиньо 13 жасында «Белу-Оризонти» клубының сапында жергілікті командаға қарсы болған ойында 23 гол соғады. Көргендер осынау талантты баланың шеберлігіне таңданыстарын жасырып қалмайды.

1995 жылы «Гремионың» жасөспірімдер клубына қабылданып, 1997 жылы клубпен алғашқы келсім-шартқа отырады.

2001 жылдың 15 ақпанында Францияның «Пари Сен-Жермен» клубымен қол алысып, бас изесіп келісімге келеді.

Франциялық клубтың сапында өзінің өзге қырларын көрсеткен ойыншы 2003 жылдың 19 шілдесінде әйгілі «Барселона» футбол клубының құрамына қабылданады. «Барселона» сапында жұлдызды ойыншы болады. Маңызды голдар соғады, ұтымды ұтқыр пастар шығарады, ешкімнің ойына кіріп шықпайтын алаңдағы әрекеттерімен ерекше есте қалады.

Ронна 2008 жылдың 15 шілдесінде «Барселона» мен қоштасып, Италияндық «Миланның» жаңа ойыншысы болады. «Милан» сапында жарқыраған жұлдызды сәттері сөне бастайды. Көбінде қосалқы құрамнан шығып жүрді.

2011 жылдың 10 қаңтарында өз Отаны Бразилияға оралып, сол елдегі «Фламенго» клубымен келісім жасасып, қол қояды. Алайда, көп уақыт өтпей Ронна клубтан кетеді. 2012 жылдың 4 маусымында «Атлетико Минейромен» жарты жылдық келсім-шартқа отырады.

Ол өз мансабын 2015 жылы тәмамдады.

Бүкіл әлем бойынша ала доп шебері әрі футбол сиқыршысы туралы 5 қызықты деректі ұсынамыз.

Даңқты ала доп шеберінің ерекше қырлары, жетістіктері іріктелді:

- *Роналдо де Ассис Морейраны аяқ доп әлеміне кедейлік алып келді. Ол үшін футбол тек қаржы табудың көзі саналған. Сондай-ақ, алғашқы жалақысына анасына көйлек сатып алған.*
- *Бразилиядағы «Белу-Оризонти» клубының жергілікті командамен ойынында 23 гол соғады. Бұны небәрі 13 жасында жасаған. Сарапшылар жас баланың талабына таңданыс білдіреді. Сөйтіп, спорт басылымдар жарық жұлдыздың пайда болғаны жайында жаза бастайды.*
- *2007 жылы ең қымбат фаворит болды. Барселона Ронниді тартуға 107 миллион еуроны жұмсаған. Бұл сол кездегі төленген аса ірі қомақты қаражат есебінде тарихта қалды.*
- *NIKE компаниясы оған алтын бутсы тігіп берді. Осы видео ютуб тарихында тұңғыш рет 1 миллион қаралым жинады.*
- *Оның есімімен аталатын FIFA06, FIFA07 сияқты компьютерлік виртуалды футбол бар. Сонымен қатар, оған арнап «Әлем кубогына жол» атты гаджеттік ойын ойлап шығарылған.*



P.S. Әрбір арманшыл жас өрен, алға ұмтылыңыз. Біз жоғарыдағы тізбектік. Мұның барлығы – өмірлік сатылар. Осыдан қаймықпай қарсы тұрсаңыз, озасыз. Арманшыл қанатыңыз талмасын.

Бетті дайындағандар Олжас ЖОЛДЫБАЙ, Досбол АТАЖАН.



ӘН-ЖОБА

ҚҰРМЕТ ПЕН ІЗЕТ КЕШІ

Көктемді қалай сағына күтсек, дәл осы кезде елімізге ерекше жан жылуын ала келетін «Жан анам» ән кешін де солай күтеміз. Бұл – перзенттің анаға деген сағынышынан туып, әнге айналған мәңгілік ескерткіш іспетті. Мереке қарсаңында айтулы шараның ұйытқысы, белгілі әнші Майра Ильясоваға хабарласқан едік.



– Майра Әлімғазықызы, уақыттың күрделілігіне қарамастан, ән кешін биыл да жалғастырып жатырсыздар. Бағдарламаның қандай да бір жаңалығы бар ма?

– Иә, бұл бағдарлама бүгінде халықтық деңгейге жетіп отыр. «Жан анаммен» бірге біз биыл 17-інші көктемді қарсы алып отырмыз. Ең алғаш өткізілген кеште орындалған әндердің барлығы тек ана туралы болған еді. Уақыт өте келе, көктем, жастық, махаббат туралы әндерді енгіздік. Бұл кештің шырайын одан сайын аша түсті деуге болады.

– «Жан анам» ән кешіне қатысқысы келетін әншілер де, тамашалағысы келетін көрермендер де жеткілікті. Тіпті, билет таппай қалған да кездеріміз болды. Мұның сыры неде?

– Бұл, ең алдымен, анаға деген құрмет дер едім. Бірде алыс жолдан шаршап әрі тонып келгенін сол еді, телефон безілдеп қоя берді. Хабарласқан кісілердің барлығы келісіп алғандай: «Жан анама» билет керек

еді. Анама сыйлық жасасам ба деп едім», «Билеттерді қайдан алуға болады деген сұрақтың астына алғаны. Үлкен апайым дүниеден озып, көңіл күйім болмай жүрген кез еді. Содан «қой, көрермендерім іздеп жатса, оның үстіне аналарымыз күтіп отырғанда бұлай отырғаным жарамас» деп, өзімді-өзім қолға алғаным бар. Содан бері қандай да бір мәселе туындағанына, қаржының қолбайлау болып жатқанына қарамастан ән кешін тоқтатқан емеспіз.

– Майра Әлімғазықызы, құпия болмаса ән жобасына кімдер қатысады? Қайырымдылық шарасы биыл да жалғасын таба ма?

– Кешті өткізу оңайға түсіп жатқан жоқ. Оның жарығы, музыкалық дауыс күшейткіштері, сахнаны әрлейтін, өңдейтін-жөңдейтін жұмыстары жетіп-артылады. Оның барлығы қаржыға келіп тіреледі. Дегенмен, «Жан анам» ән жобасының басты бағыты – дәстүрге айналған қайырымдылық шарасын биыл да өткіземіз.

Ән кешіне Б.Сәмединова, Қанат, Света Айтбаевтар, Қыдырәлі мен Қарақат, А.Жорабаева, Г.Оразымбетова, З.Омарова, басқа да танымал әншілер қатысады.

Жалпы, мен қайырымдылық шарасын өткізіп, әрдайым көмектесіп жүремін. Осы жолы әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылар мен көпбалалы отбасыларға, «Ардагерлер» үйіндегі қарияларға арнайы билеттер таратып, қонақ етіп шақырып отырмыз.

– Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан Рая ЕСКЕНДІР.

МЕМОРАНДУМ

Кеше Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында кино саласына маманданатын жастар шығармашылығын қолдауға қатысты іс-шара өтті.



Досбол
АТАЖАН

МАҚСАТ – ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУ

Өнер академиясының ректоры Азамат Сатыбалды мен Ұлттық Киноны қолдау мемлекеттік орталығының басқарма төрағасы Есетжан Қосыбаев өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Меморандум мақсаты – кино саласындағы жас мамандарды, оның ішінде «Кино және

ТВ» факультеті студенттерінің дипломдық жұмыстарына, түсірілімдеріне қаржылай қолдау көрсету, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау бойынша тәжірбиелер мен тағылымдамалардан өтуді ұйымдастыру саласында бірлескен жобаларды іске асыру болып табылады.

Қол қою салтанатынан кейін академияның 1-курс магистранты Самғар Рақымның Нью-Йорк кинофестивалінен күміс жүлде алған «Көше ақыны» фильмі көрсетілді. Айта кеткен жөн, бұл фильм АҚШ-тың Аннаполис қаласында өтетін тағы бір кинофестивальге алдағы уақытта қатысады.



Азамат
САТЫБАЛДЫ,
Т.Жүргенов
атындағы Қазақ
ұлттық өнер
академиясының
ректоры:

Билік тарапы биылдан бастап біздің Кино факультетінің ең үздік жұмыстарын қаржыландырып, түсіруге көмектесетінін айтқан болатын. Осы орайда, Ұлттық киноны қолдау орталығы бірінші болып бастама көтеріп, біздің жастарға көмек беру туралы ұсыныс жасады. Міне, бүгін, екі жақ тоғысып, болашақтың жарқын болуына үлкен қадам жасап отырмыз. Бұл – біз үшін, қазақтың киносы мен жалпы болашағы үшін маңызды қадам.

Өйткені, қазақтың киносы ертең қандай болады десек, оны дамытуды бүгіннен бастау керек. Осы айтылған жоспарды ертең іспен дәлелдеу керек.



Есетжан
ҚОСЫБАЕВ,
Ұлттық
киноны қолдау
орталығының
төрағасы:

Ұлттық киноны қолдау орталығының ең маңызды бағыттарының бірі – жастарды

қолдау. Бұл істі дамытуға жақында сайланған жаңа министріміз Дәурен Абаев та мүдделі. Алдағы уақытта қаржы бөлінсе, бірінші кезекте академия студенттеріне көмектесеміз.

Өйткені, жастарымыздың жетістіктерін біліп отырмыз. Осыған дейін өткен қаниама халықаралық кинофестивальдардан жүлделі орын алып жүр. Бұл жетістіктер Қазақстанның имиджін әлемдік аренада көтеруде. Сондықтан жастарды қолдау – біздің міндет.

МАМАН КЕҢЕСІ

СӨЙЛЕУ ЖӘНЕ ОЙНАУ

Балалар өмірінде ойынның рөлі қандай?



Қазіргі уақытта ең өзекті мәселелердің бірі – балалардың сөйлеу тілінің кеш дамуы. Сөйлеу тілінің кеш дамуына әсер ететін факторлар: баланың анасының құрсағында болғанда анасының көптеген аурулармен ауыруы, зиянды тамақтармен тамақтануы, босану кезінде түрлі жарақат алуы, экология.

Сөйлеу тілі жақсы дамып, сөздік қорының мол болуы тұлғаның дамуына және қоршаған ортамен қарым-қатынас жасауына мол септігін тигізеді. Мүмкіндігі шектеулі балалардың, атап айтсақ, сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың ойын жүйелі жеткізе білуге, бір-бірімен тікелей қарым-қатынас жасауға дағдыландыруда ойынның рөлі ерекше. Ойынның негізгі мақсаты – адамның өмір танымының алғашқы қадамы.

Сондықтан ойын арқылы балалар қоршаған ортаға бейімделіп, өз қажетін қанағаттандыра алатынын, қабілеті бар екенін байқап көрсетеді.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған баланы ойынға қызықтыра отырып, қарапайым қарым-қатынас дағдыларын үйрету болса, логопедтің міндеті – сол ойын түрлерін пайдалана отырып, балаларды өздігімен жұмыс істей білуге, ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге түрлі дағды мен шеберлікті меңгертуге қол жеткізу.

Жалпы, сөйлеу тілі дамымаған баланың ақыл-ойына күш түсірмей, ойын, эмоциялық еркін, зейінін, ынтасын, логикалық ойлау қабілетін дидактикалық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті ойындары арқылы арттыруға мүмкіндік бар.

Сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөйлеу тілін, сөздік қорын дамыту мақсатында өткізілетін ойындар арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың сөздік қорындағы сөздерді көбейтуге, қоршаған орта туралы түсініктерін дамытуға, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасауға маман ретінде қол жеткізуге мүмкіндік бар.

Жалпы, сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөйлеу қабілеттерін тереңдетіп, шығармашылық қабілеттерін дамытуда ойнайтын ойынына, айтқан әңгімесіне, өзі құрастырған қысқа әңгімелеріне бағыт-бағдар бере отырып, тіл байлығын, сөздік қорын, қарым-қатынас дағдыларын дамыта отырып, балалардың қоғамда әлеуметтенуіне, ортаға бейімделуіне жол ашамыз.

Раушан ДОМАКБАЙ,
«Аяла» әлеуметтік қызмет орталығы
коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің логопед маманы.

МӨЛТЕК СЫР

Біз Алматыдағы үйге тізе жарадан жазылмайтын менің бала күнімде көшіп келдік. Ол кездер онша есімде жоқ. Таяқ ұстап тауық қуатыным, өзі жүретін пойызымның болғаны сынды еміс-еміс естеліктер ғана бар.

ШИЕ АҒАШЫНЫҢ РЕНІШІ

Бірақ бір оқиғаны анық білемін. Көшіп келген соң, әке-шешем үй ішін реттейміз деп, ағам екеуімізді екі шаңыраққа жіберді. Мен тәтемнің үйінде болдым. Мұнда өзімнен кіші інім бар. Екеуіміз күнұзақ ойын ойнаймыз. Қанша уақыт болғаным есімде жоқ, бірақ кетер күнге дейін ешкімді сағынып жыламағаным есте. Сөйтіп жүріп үйге қайтар күн де таяды, тәтем «бүгін әкең алып кетеді» деп ескертіп қойды. Бала болсам да, ішімнен «е, бар екенімді біліп, келсе бопты» деп қоямын. Әкем кешке келіпті. Мен ұйықтап қалғам. Ояңсам, ас бөлмеден жып-жылы дауыс естіледі (тәтемнен қорлық көргенім жоқ, тек әкенікі бәрібір ерекше ғой). Кім екенін бірден білдім де, атып тұрып, жүгіре кеттім. Әй-шайға қарағам жоқ, мойнына асылдым. Ары қарай «бар сағынышың ішіне сақтап жүріпті» деген секілді сөздер айтылды. Содан «анау андай көше, мынау мындай көше» деген әкемнің экскурсиясымен Алматының көшелерін жаттап, автобуспен үйге қайттық. Үйдің іші ағарып, жарқырап қалыпты. Бірақ оған қарағанда даладағы өзгерістер мені көбірек қызықтырды. Өбден өңі кетіп, бөлшек-бөлшекке бөлінген бақшаның жері енді жырттылып жатыр екен. Әр-әр жерде ілмип егілген шыбықтар тұр. Оның арасында шие ағашы да бар еді.



Сол күннен кейін осы шыбықтармен жарысып мен де өстім. Бақшада алғаш жеміс өскен жылдары өзіміз қызығып тердік. Одан кейінгілерді әкем айтты, анам айтты болып, ұрсумен жинадық (компьютер заманы келген ғой). Тек бір жылы терілмей қалды...

Содан келесі жылы шиеңіз аздығына танқалдым. Алмұрт, алма ағаштарының 3-4 жылда демалып тұратынын білуші едім. Бұл шие де демалайын деген шығар деп, анығын білу үшін анамнан сұрадым:

– Шиеге биыл не болған? Алмұрт сияқты мұның да демалатын жылы бола ма?

– Жоқ, балам. Бізге өкпелеп қалған ғой.

Шие ағашы да ренжиді.

– Ол қалай?

– Былтыр бұл ағаш барын бергенде біз оны қадір тұтпадық. Жемісі өскен орнында жиналмай шіріп кетті. Ол шіріктер тұрған жерлерінде қатып, ағаштың қатулы ренішіне айналды. Соның кесірінен биыл жаңа түйіні шықпады. Шиеңіз реніші кетпеді. Сондықтан да жемісі жоқ. Нені болса да өз уақытында жинап, барында қадір тұтпасаң, ертең бармағыңды тістеп қаласың, – деп маған үлкен ой салды.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.



МӘСЕЛЕ

МИТИНГ МӘДЕНИЕТІ

Қоғамда бейбіт шеру өткізудің әліппесін қалыптастыратын уақыт жетті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына алғашқы Жолдауында қоғамдағы ахуалға ерекше маңыз беріп, құзыретті органдарға жұртшылыққа бейбіт митингілерді өткізуге рұқсат беруді міндеттегені белгілі. «Егер бейбіт акциялар заңды бұзуды, азаматтардың тыныштығына кедергі келтіруді көздемесе, түсіністік танытып, оларды өткізуге рұқсат беру керек. Қала сыртында емес, арнайы жерлерде өткізе алатындай аймақ болуы қажет. Конституцияға қайшы кез келген іс-әрекеттерге шақыртулар, бұзақылық акциялар заңға сәйкес тоқтатылады», – деген еді Президент.

ӘРКІМ ӨЗІНІҢ ҚҰҚЫҒЫН ДА, ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ДЕ ТҮСІНГЕНІ АБЗАЛ

Сарапшылар қоғамды демократияландырудың батыл қадамы деп бағалаған – Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің екінші отырысында да «Бейбіт жиындар» туралы заңның жобасы жайлы сөз қозғалған еді. Мемлекет басшысы митингілерді ұйымдастыру принциптерін енгізуге кірісу керектігін мәлімдеді. «Қоғамның сана-сезіміне митинг мәдениетін қалыптастыратын уақыт келді» деді. Ол қоғамға да, мемлекетке де өз позициясын көпшілік алдында айтатындарға адекват қарайтын кез келгенін атап өтті. Мұның барлығын мәжбүрлі емес, саналы түрде істеу керек. Бірақ митингілердің құқық қана емес, жауапкершілік екенін де түсіну қажет.

2020 жылы Мәжіліс пен Сенаттың талқысынан өтіп, мақұлданған «Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Заңға Қасым-Жомарт Тоқаев сол жылғы 25 мамырда қол қойды.

Осылайша Қазақстанда бейбіт жиындар өткізу туралы мүлде жаңа Заң күшіне енді.

Еліміздегі бейбіт шеру өткізуге қатысты бұл үрдістер қоғамдық ортада да талқыға түсіп, түрлі ой-пікірлер айтылуда. Біздің редакциямызға оқырмандарымыздан осы мәселеге орай көптеген қоңыраулар мен хаттар, талап-тілектер түсуде. Оларды «Бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» жаңа Заң ережелерінің орындалуы, қоғам қауіпсіздігіне «шығын келтірмеген» шеруге қатысушылардың жағдайы алаңдатады. Күні кеше ғана, 13 ақпанда бейбіт шеруге шыққандардың тағдыры жайлы да білгісі келеді.

Оқырмандарымыздың көңілін күпті қылған осы және басқа да сауалдарға орай біз тиісті құзыретті органдарға хабарласқан едік. Жауап көп күттірген жоқ. Сіздердің назарларыңызға қолымызға тиген сол ресми ақпаратты ұсынамыз.



13 АҚПАНДАҒЫ МИТИНГТІ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР НЕГЕ ЖАЗАЛАНДЫ?

Алматы қалалық полиция Департаментінің мәліметтеріне сүйенсек, 13 ақпанда Қазақстандағы қаңтар оқиғаларының құрбандарына арналған митингті ұйымдастырушылар қарапайым бір себепке байланысты жазаланды: олар мемлекет ұсынған ережелерді пайдаланбауды жөн көрді. Ең бастысы, олар заң құқықтарымызды бұзады, деп есептей отырып, тіпті әкімдікпен келісуге де тырыспады. Нәтижесі бәріне белгілі: Б.Әбілов пен М.А.Тұрымбетов құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылды, оларға 50 АЕК (153 150 теңге) мөлшерінде айыппұл салынды. А.Тілеужанова 15 тәулікке әкімшілік қамауға алынды.

Маңыздысы сол, оларға бұл санкциялар әкімдіктің қалауымен қолданылған жоқ, олардың істері сотта шешілді, сот барысында заң бұзушылықтың барлық аспектілері қаралды. Жаза құқық бұзушының қоғамдағы жағдайына қарамастан қолданылды, өйткені заң алдында танымал кәсіпкер болсын, оппозициялық саясаткер болсын, бәрі бірдей жауапты.

Өкінішке орай, қолданыстағы заңдарды елемей азаматтық ұстаным ретінде ұсынылады. Белсенділердің белгілі бір топтары бейбіт жиналыстарды алға тартып, мемлекетті бопсалаудан тартынбайды және әкім өздерімен жүздесуге шықпаса алаңнан кетпейміз деп те бопсалауға құмар.

Бәлкім, Әбілов пен Мамай өздеріне Әлтаев пен Наурызбаевқа қарағанда көп мүмкіндікке рұқсат берілген деп ойлайтын болар. Алайда, бұл жағдайда жазаның саяси немесе жеке сипаты болмайды, бұл заңды елемей, өздерін басқалардан артық қоятындар мен жүгенсіз кеткендерді заңға бағынуға мәжбүрлеу шарасы ғана.

ЖАҢА ЗАҢ БЕЛСЕНДІЛЕР ҮШІН ЕЛЕУЛІ ШЕКТЕУЛЕР ТУҒЫЗБАЙДЫ

Алматы қаласының әкімдігі хабарлағандай, бейбіт жиналыстар туралы Заңның жаңа нұсқасы қабылданғаннан кейін саяси акциялардың саны едәуір арта түскен. Алдын ала қорытындыларға назар аударсақ: 2018-2019 жылдары рұқсат етілген сәйкесінше 5 және 30 бейбіт жиналыс болды. 2020 жылдың маусымынан 2021 жылдың маусымына дейін, яғни жаңа заң күшіне енген кезде 552 келісілген бейбіт жиналыс өтті. Осы 552 бейбіт жиынның 493-і Алматы қаласында өткізілді, оның ішінде – 44 митинг, 446 пикет, 2 шеру және 1 демонстрация ұйымдастырылды.

Тіпті, толық емес статистикаға сүйенсек, бейбіт жиналыстардың әртүрлі формада өткізілуіне келісім беруге биліктің дайын екендігі байқалады. Қаңтарда болған қайғылы оқиғалардан кейін де Алматыда әкімдерді сайлау, таза ауа үшін, саяси партияларды тіркеу үшін бағдарларында 4 ірі митинг өтті. Сондай-ақ, 8 наурызда әйелдер құқығын қорғауға арналған жаппай іс-шара өтеді деп күтілуде.

Бұл акциялардың барлығы бейбіт жиналыстар туралы Заңға сәйкес өткізілуімен ерекшеленеді, яғни белсенділер әкімдікке өз ниеттері туралы хабарлап, қала орталығына ғана жиналып қойған жоқ, сонымен қатар құқық қорғау органдары митингке жиналған адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, арандатушылыққа жол бермеді.

Заңда процедуралардың белгілі бір саны қамтылған, бұл елімізде бейбіт жиналыстар мәдениетінің бірте-бірте қалыптасуы үшін қажет.

Жаңа митингілер, пикеттер, шерулер мен демонстрациялар санына қарайтын болсақ, байқағанымыздай, жаңа заң аясы белсенділер үшін елеулі шектеулер туғызбайды, сонымен қатар мемлекетке де көшелерде арандатушылық мен тәртіпсіздіктердің алдын алу мүмкіндіктерін береді.



ТҮЙІН:

Бейбіт шеру қағидаттарына сүйенсек, егер бұған дейін қолданыста болған заңда митинг өткізу үшін рұқсат алу процедурасы көзделсе, жаңа Заңға орай митинг өткізу туралы тек хабар берсе жеткілікті. Сонымен қатар, ірі қалалардың орталықтарында бейбіт жиындарға, оның ішінде наразылық акцияларын өткізуге арнайы орындар белгіленген.

Мемлекет басшысы атап өткендей, бұл біздің қоғамды демократияландыру жолындағы өте маңызды қадам. Жиын өткізгісі келетіндер жаңа Заңға бағынуға міндетті.

Азаматтарды билікке қатысты өз ойын білдіру, сыни пікір айту құқығынан ешкім айыра алмайды. Бұл олардың конституциялық құқығы да және үлкен жауапкершілігі де, сондықтан кез келген бейбіт жиын болсын, наразылық акциясы болсын, қатаң түрде заң аясында орындалуы керек.

Т.ДЕРЫСАЛИН.



«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

Құрметті 2022 жылға бір жылға жазылған жазылушылар!
Жеңімпаздарды анықтау 2022 жылдың 10 наурызына ауыстырылды. Ол «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 17 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде
Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 9 айға – 5404,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 9 айға – 14584,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 9 айға – 3964,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ТӘРБИЕ

Әдеби кеш

Алматы қаласы бойынша Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/6 мекемесінде жыр дүлдүлі Жамбыл Жабаевтың шығармашылығын арқау еткен әдеби кеш өтті.

Оған мұрындық болған Жамбыл атындағы мемлекеттік жасөспірімдер кітапханасының қызметкерлері. Әдеби кештің мақсаты – бас бостандығынан айырылған жасөспірімдерге акынның өлеңдерін насихаттай отырып, олардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, адамгершілікке, кішіпейілдікке тәрбиелеу.

Жазасын өтеп жатқан балалар Жамбылдың «Халық – менің шын атым», «Қайта келген жастық шақ», «Алғадай туралы», «Балаларға» сынды бірқатар өлеңін мәнерлеп, қазақ және орыс тілдерінде жатқа оқыды.

Концерттік бағдарлама Жамбыл атындағы мемлекеттік жасөспірімдер кітапханасы қызметкерлері дайындаған кітап көрмесін тамашалаумен жалғасты. Сондай-ақ, жасөспірімдер викториналық сұрақтарға да қызыға жауап берді. Белсенді балалар грамоталармен марапатталды.

Нұр ЖАМАЛ.

Адамзаттың асылы – Ана деген құдірет

Ана – әрбір адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, қадірлісі, қамқоршысы, ақ сүтін емізіп аялаған, жанын да аямаған ардақтысы.

Мен «ана» деген сөзді қанша айтсам да жалықпаймын. Өйткені, ол – дүниедегі ең ардақты жан. Ана баланы тоғыз ай көтеріп, толғатып, дүниеге келтіріп қана қоймайды, оны көзінің қарашығындай қорғап, аялап өсіріп аяғынан тік тұрғызады. Өмір есігін жаңа ашқан баланың бойына елінің рухын сіңіретін, жылауын қойғызатын ана. Ана баланың аман-дығын, бақытты, абыройлы болуын тілейді. Бойымыздағы ең жақсы қасиеттер бізге алдымен анамыздан тарайды. Дүниеде ананың көз жасынан салмақты, одан ауыр таразы басын басатын ештеңе жоқ. Өйткені, ананың көз жасы өзінің киесімен ауыр. Алайда, «Ананың көңілі – балада, баланың көңілі – далада» демекші, өзінің перзенттік борышын ұмытқан, сөйтіп ата-анасын сыйламайтын адамдарды да өмірден кездестіруге болады. Ана – тіршіліктің гүлі, отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі. Анасы жоқ балалар да аз емес. Анамызға деген біздің көңіліміз, мейіріміміз ұшан-теңіз. Анамыздың көңілі шат, жүзі жарқын, дені сау болуын әрқашан тілейміз. Ендеше, адамзаттың асылы аналарымызды сыйлап құрметтейік!

Арина Әбілбайқызы СМАҒҰЛОВА,
Алматы қаласы бойынша Қазынашылық департаменті.

«Alatau Aqparat» ЖШС ұжымы газет қызметкері Нұрсұлтан Құрмановқа ағасы **Ниязбек Мырзанұлы ИКРАМОВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ЖАҚСЫЛЫҚ МЕКЕНІ

«БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ» орталығы ашылды


Алматының Әуезов ауданында Райымбек даңғылы, 496/2 мекенжайында «бір терезе» қағидаты бойынша қызмет көрсететін 3 жаңа кеңсе ашылды.

Жобаның негізгі мақсаты – көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға құқықтық, психологиялық, медициналық және басқа да мәселелер бойынша тегін кеңес беру. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай жобалар салауатты қазақстандық қоғамның негізі – отбасылық құндылықтарды қалыптастыру идеясына елеулі үлес қосады.

– «Бақытты отбасы» – мемлекеттік маңызы бар ауқымды әлеуметтік жоба. Біз халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарымен жұмыс істей бастадық. Ең алдымен, бұл – көпбалалы, толық емес және аз қамтылған отбасылар, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар, – дейді орталықтың тұсаукесеріне жиналғандарды құттықтаған Әуезов ауданындағы «Бақытты отбасы» КММ басшысы Сағидолла Аймағамбетов.

Оның айтуынша, әлеуметтік жобаны заңгерлер, психологтар, әлеуметтік-педагогикалық қызметкерлер жүзеге асыруда, бұл өтініш білдірген барлық әйелдерге практикалық көмекті қолжетімді етеді.

– Адамдарға нақты көмек көрсету үшін біздің «Бақытты отбасы» орталығының



есігі әрқашан ашық. Тәжірибелі мамандар әйелдерге қиын өмірлік жағдайларды шешуге көмектесуге дайын, – деп атап өтті Сағидолла Аймағамбетов.

Ол Алматының әр ауданындағы «Бақытты отбасы» орталықтарының негізінде көпбалалы аналармен кезең-кезеңімен жұмыс жасауды көздейтін «Іскер ана» бағдарламасы жүзеге асырылып жатқанын айтты. Күнделікті жан-жақты көмектен бөлек, әйелдерге кәсіпкерлік курстарынан өту ұсынылады, онда бизнес-жоспар құру, грант немесе несие алу мүмкіндіктерімен танысу жұмыстары үйретіледі.

Кездесу соңында орталық басшысы Әуезов ауданындағы «Бақытты отбасына» алғаш келушілердің көптеген сұрақтарына жан-жақты жауап берді.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.

Газетіміздің келесі саны бейсенбі, 10 наурыз күні шығады.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Сабина ЖАБЫҚАНОВА
тел.: 232-36-56. e-mail:
zhbkvn@mail.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефон-
дары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatauqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80ВРУ00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылм, көлемі 2 баспа табақ.



8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ!

МЕЙРАМ КҮНГІ
МЕРЕКЕЛІК ТАРТУЛАР

Көктемнің осынау шуақты мерекесі қашанда жүрегімізді сүйіспеншілік пен ізгілікке, мейірім мен шапағатқа бөлейтіні рас. «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» дейді халық даналығы.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тұжырымдағандай, олардың жетістіктері жұртты жігерлендіріп, жаңа биіктерге жетелейді, жастарға үлгі-өнеге, әрқайсының белсенді азаматтық ұстанымдары қоғамдағы көптеген өзекті мәселені ұтымды шешуге және елімізді жан-жақты дамытуға ықпал етеді.

«Әйелдер қауымы – әрдайым отбасының ұйытқысы, береке-бірліктің шырақшысы. Біз жыл сайын осы күні адамзатқа әсемдік сыйлайтын әйелдер қауымына ықылас-ілтипатымызды білдіріп, ақ тілек арнауға асығамыз. Еліміз әйелдердің әлеуетін толық танытуына жол ашып, олардың құқығын қорғауға және тұрмыс жағдайын жақсартуға баса мән береді. Мемлекеттің жүйелі қолдау көрсетуінің арқасында қыз-келіншектердің экономикадағы, саясат пен қоғамдық қызметтегі рөлі жыл өткен сайын арта түсуде. Тәуелсіздік кезеңінде әйелдердің түрлі салада толағай табысқа жеткеніне бәріміз куәміз», – деген еді Мемлекет басшысы.

Аналар мейрамы күндері ару қала Алматымызда мерекеге арналған көптеген іс-шаралар өтеді. Алматылықтар мен қала қонақтары шаһардың мәдени орындарында ұйымдастырылатын бірқатар тәлімді-тағылымды шараларды тамашалай алады. Бұл мерекелік тартулар мен олардың өтетін уақыттары мен мекенжайын газетіміздің осы «Не? Қайда? Қашан?» айдарының жарияланымдарында ұсынып отырмыз.

Мерекелеріңізбен, Асыл жандар!

«АҚШАМДЫҚТАР».

МӘДЕНИЕТ МӘЙЕГІ

Жаңа концерт –
жаңа әсер

Алматы қалалық Қуыршақ театрында қазақ композиторы Шәмші Қалдаяқовтың өмірі мен шығармашылығына арналған «Өмір – өзен» спектаклінің музыкалық премьерасы ұсынылады.

Композитордың музыкасы алғаш рет Қуыршақ театрында шырқалып, көрермендерге жаңа әсер қалдырады.

Күні мен уақыты: 5 наурыз, басталуы 18.30.

Өтетін орны: Алматы Қуыршақ театры (Пушкин көшесі, 63).



Ерекше концерт

Жексенбі күні Алматыда ерекше концерт өтеді.

Daig Ard тобы – ирландиялық, шотландтық және бретондық халық әндерін ойнайтын кәсіби ұжым. Бұл концертте сіз келіт халқының ерекше аранжировкаларын естисіз.

Күні мен уақыты: 6 наурыз, басталуы 19.00.

Өтетін орны: La Boheme (Зенков көшесі, 24).

Шығармашылық жәрмеңке

Алматыда Art-Bazar көктемгі жәрмеңке-фестивалі өтеді



Жәрмеңке алаңы түрлі бағыттағы шығармашылық адамдарды біріктіреді. Онда қазақстандық суретшілер мен мүсіншілердің жұмыстары ұсынылып, перформанстар мен музыкалық қойылымдар өтеді. Сонымен қатар, жетекші солистер арнайы бағдарлама дайындады. Оған Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрынан Балуан Беркенов пен Дамир Садуахасов, сондай-ақ «Мещо» тобының солисі және халықаралық байқаулардың лауреаты Жасұлан Сыдықов қатысты.

Мария Лидін «Автоматты сурет және бейсаналық» шеберлік сабағы, сондай-ақ, өнертану кандидаты, профессор Ольга Батурианың шеберлік сабағы өтеді. Жәрмеңке аясында жиналған қаражат қайырымдылыққа жұмсалады.

Күні мен уақыты: 6 наурыз, сағат 12.00-ден 19.00-ге дейін.

Өтетін орны: Art-Line мәдени кеңістігі (Гоголь көшесі, 15).

Алматыдағы Орталық музейде Халықаралық әйелдер күніне арналған «Әйел әлемі» атты көрме-фестиваль ұйымдастырылып жатыр.

Онда түрлі жанрдағы алматылық суретшілер мен шеберлердің – кескіндеме, мүсін, графика, бейнелеу өнері туындылары қойылады. «Әйел әлемі» көрме-фестивалі: әйел – үй иесі, әйел – ана, әйел – батыр, әйел – көшбасшы, қолөнерші әйел, сондай-ақ қазіргі қоғамдағы әйелдердің рөлін көрсетуге және әйелдер әлемін ашуға арналған. Фестиваль бағдарламасына көрменің ресми ашылуы және қатысушы суретшілердің қойылымдары, музыкалық қойылымдар; қолөнер, сәндік-қолданбалы өнер бойынша шеберлік сабақтары; Қазақстан шеберлерінің әйелдер киім топтамаларының дефиле шоуы енді.

Мекенжайы: «Самал-1», 44-үй.

Уақыты: 16 наурызға дейін жалғасады.

Әйел әлемі



«Махаббат, қызық мол жылдар»

Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында жазушы Әзілхан Нұршайықовтың әйгілі романы «Махаббат, қызық мол жылдар» спектаклі сахналанды.

Қойылымда Ербол рөлінде Дархан Сүлейменов, ал Меңтай болып Гүлбаһрам Байбосынова ойнайды. Спектакль сюжеті шығармадағы негізгі оқиғалармен үндес. Тек режиссер кейбір оқиғаны бүгінгі жағдаймен ұштастырған, өзінше ой-шешімін ұсынған. Режиссер бұл қойылымның алғашқы сахналық нұсқасын осыдан бес жыл бұрын жасапты. Қанша уақыт ойда пісіп жүріп, биыл көрерменге ұсынылып отыр. Ал жалпы шығармашылық топ спектакльге 4 ай дайындалған.

Мекенжайы: Абылай хан даңғылы 38.

Уақыты: 8-9 наурыз, 18.30.



Сахнада – 20 жыл



Әзірлегендер Гүлжанат СЕМБАЕВА, Ақтолық ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.

Халықаралық әйелдер мерекесіне орай, Республика сарайының төрінде «Шымкент шоу» әзіл-сықақ театрының мерекелік кеші өтеді.

Аталмыш шара әзіл-сықақ театрының өнер саласында 20 жыл толуына орай ұйымдастырылып жатыр. Адам әртүрлі болғандықтан барлығының мінездері де сәйкес келе бермейді. Сондай бір отбасындағы бес баланың басынан өткен оқиғаны «Шымкент шоу» театрының әртістері көрермен назарына ұсынды. Қаладағы төрт ағасынан үйленуге кеңес сұрап келген кенже ұлдың қылығы мен қаланың қулығын жақсы меңгерген ағаларының қызықты әрекеттері күлмеске амал қалдырмайды.

Мекенжайы: Достық даңғылы, 56.

Уақыты: 7-8 наурыз, 20.00.

ПРЕМЬЕРА



Саятшы қаракөз хикаясы

Елімізде алғаш рет «Бүркітші қыз – Айшолпан» деректі фильмінің тұсаукесері өтті. Осыған дейін әлемнің 30 елінде көрсетілген туындыны еліміздегі жоғары оқу орны студенттері тамашалады.



Ақтолық
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Премьераға фильмнің бас

кейіпкері, моңғолиялық қазақ қыз, күсбегі Айшолпан да қатысты. Атақты Отто Беллдың режиссерлігімен жарық көрген, саятшы

қыздың өмірі арқау болған деректі фильм «Оскар» сыйлығына үміткер 15 туындының көшін бастап тұр.

«2013 жылдан бастап кино түсірілді, яғни ол кино 2,5 жыл түсірілді. Фильмде ана мен қыздың тәрбиесі және де қазақтың салт-дәстүрі, Моңғолиядағы қазақтардың қалай тіршілік етіп жатқаны, күнделікті өмірлік жағдайы баяндалады. 2013 жылдан бастап әлемге алғаш рет бүркітші қыз ретінде танылдым», – деді бүркітші Айшолпан Нұрғайыпқызы.

Осы фильмнен кейін әлемге танылған саятшы қандасымызға шетелдің небір айтулы жоғары оқу орындарына жолдамалар да ұсынылыпты. Соған қарамастан бүркітші қыз атажұртқа оралып, армандаған мамандығына оқуға түскен екен.

«Алғашында, әрине, бәріміз таңқалдық. Сонау Оксфорд, Гарвард университеттері шақыртқан бүркітші қыз Сүлеймен Демирел университетін таңдапты, соның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына келеді дегенде, ол қандай қыз, қазақша біле ме, қандай студент болады екен деп әрі күдік, әрі мақтаныштың бойымызда болғаны рас», – дейді С.Демирел атындағы университет профессоры Баян Керімбекова.